	Оның ішінде валюта түрлері бойынша (валюта бірлігінде)			Оның ішінде валюта түрлері бойынша (валюта бірлігінде)		

8	оның ішінде мына операцияла р бойынша:						
9	тауарларды және материалды қ емес активтерді сатып алу	212421					
10	қызметтерді алу	212422					
11	капиталға қатысу бойынша дивидендте р мен өзге де кірісті төлеу	212423					
12	қарыздар ұсыну (беру)	212424					
13	қарыздар бойынша міндеттемел ерді орындау	212425					
14	бағалы қағаздармен операцияла р	212426					
15	басқалар	212427					
16	меншікті қаражатты резидент-ба нктердегі шоттарға аудару	212430					
17	меншікті қаражатты бейрезидент банктердегі шоттарға аудару	212440					
18	Клиенттерді ң немесе кәсіби қатысушын ы ң клиенттерді ң	220000					

	тапсырмала р ы бойынша шетел валютасын сатуы						
19	оның ішінде :						
20	жеке тұлғалар	221000					
21	заңды тұлғалар	222000					

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Шетел валютасымен
айырбастау операцияларына
лицензиясы бар, банк болып
табылмайтын бағалы қағаздар
нарығына кәсіби қатысушының
шетел валютасын сатып алуы
(сатуы) туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
нысанына
қосымша

Шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп (индексі – 5-INV, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – 5-нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. 5-нысанда "KASE клирингтік орталығы" акционерлік қоғамын қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар, банк болып табылмайтын кәсіби қатысушы (бұдан әрі – кәсіби қатысушы) шетел валютасын сатып алу және сату көлемін (1-бөлім. "Кәсіби қатысушының операциялары") және "KASE клирингтік орталығы" акционерлік қоғамын қоспағанда, кәсіби қатысушының клиенттерін (2-бөлім. "Кәсіби қатысушы клиенттерінің операциялары") көрсетеді.

3. 5-нысанда базалық активті валюталау күніне нақты қоя отырып, шетел валютасын теңгеге, сол сияқты басқа валютаға сатып алу және сату көлемі көрсетіледі.

5-нысандағы деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.

Есепті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бірлескен қаулысы мен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) бекітілген Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларының 3-тармағына сәйкес валюталау күніне айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.

4. 5-нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. 5-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бөлімнің және 2-бөлімнің 1-бағаны бойынша сатып алынатын немесе сатылатын шетел валютасының жалпы көлемі теңгемен көрсетіледі. 1-бөлімнің 2, 3, 4 және 5-бағандары бойынша тиісінше теңгеге және басқа шетел валютасына сатып алынатын және сатылатын АҚШ долларының (USD), еуроның (EUR), Ресей рублінің (RUB) және Қытай юанінің (CNY) көлемі тиісті валюта бірліктерінде көрсетіледі.

6. 1-бөлімнің 6-бағаны бойынша теңгеге сатып алынатын немесе сатылатын шетел валютасының көлемі көрсетіледі. 6-баған бойынша деректер теңгемен көрсетіледі. 1-бөлімнің 7, 8, 9, 10-бағандары бойынша тиісінше теңгеге сатып алынатын және сатылатын АҚШ долларының (USD), еуроның (EUR), Ресей рублінің (RUB) және Қытай юанінің (CNY) көлемі тиісті валюта бірліктерінде көрсетіледі.

7. 1-бөлімнің кодтары 110000 және 120000 жолдары кәсіби қатысушының клиенттерімен айырбастау операциялары (оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша) мен Қазақстан қор биржасында және банкаралық нарықта жасалған операциялар бойынша мәліметтерді қамтиды.

8. 1 және 2-бөлімде шетел валютасын басқа шетел валютасына сатып алу бойынша операциялар бір шетел валютасын сатып алу және басқа шетел валютасын сату ретінде көрсетіледі.

9. 2-бөлімде деректер шетел валютасын теңгеге және басқа шетел валютасына сатып алу (сату) операциялары, сондай-ақ резидент-клиенттер мен бейрезидент-клиенттер жүзеге асыратын операциялар (оның ішінде резидент-клиенттер мен бейрезидент-клиенттердің тапсырмалары бойынша) бойынша көрсетіледі.

2-бөлімге жеке тұлғалардың шетел валютасын айырбастау пункттері арқылы сатып алуы (сатуы) бойынша операциялары кірмейді.

10. 5-нысанды толтырған кезде мына талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:
коды 110000 жол \geq коды 110001 жол + коды 110002 жол + коды 110003 жол;
коды 110002 жол = коды 111002 жол + коды 112002 жол + коды 113002 жол;
коды 110003 жол = коды 111003 жол + коды 112003 жол;
коды 120000 жол \geq коды 120001 жол + коды 120002 жол + коды 120003 жол;
коды 120002 жол = коды 121002 жол + коды 122002 жол + коды 123002 жол;
коды 120003 жол = коды 121003 жол + коды 122003 жол;
2-бөлімде барлық жол бойынша 1-баған 2, 3, 4, 5-бағандардың сомасына тең;
коды 210000 жол = коды 211000 жол + коды 212000 жол;
коды 211000 жол \geq коды 211100 жол;
коды 212000 жол \geq коды 212420 жол + коды 212430 жол + коды 212440 жол;
коды 212420 жол = коды 212421 жол + коды 212422 жол + коды 212423 жол + коды 212424 жол + коды 212425 жол + коды 212426 жол + коды 212427 жол;
коды 220000 жол = коды 221000 жол + коды 222000 жол;

11. 5-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін (қоса алғанда) енгізіледі.

12. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда, 5-нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

бойынша өзгерістер енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
6-қосымша
Қазақстан Республикасының
ішкі валюта нарығында сұраныс
пен ұсыныс көздерін
мониторингтеу қағидаларына
6-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 16-РВ

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, Ұлттық пошта операторы (бұдан әрі – банктер)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде, ай сайын.

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

валюта бірлігімен

№	Көрсеткіштің атауы	Жолдың коды	А Қ Ш доллары	Еуро	Ресей рублі	...
А	Б	В	1	2	3	...
1	Қолма-қол шетел валютасының кезең басындағы қалдығы	100				
2	Қолма-қол шетел валютасының түсімі, барлығы	200				
3	оның ішінде:					
4	банктің Қазақстанға әкелгені	210				
	резидент банктермен және Ұлттық					

5	Банкпен операциялар	220				
6	бейрезидент банктермен және шет мемлекеттердің орталық банктерімен операциялар	225				
7	валюталық шоттарға есепке жатқызу үшін банктік емес резидент-заңды тұлғалардан түсімдер	230				
8	валюталық шоттарға есепке жатқызу үшін банктік емес бейрезидент-заңды тұлғалардан түсімдер	240				
9	уәкілетті ұйымдардан сатып алынды	245				
10	банктің айырбастау пунктері арқылы жеке тұлғалардан сатып алынды	250				
11	валюталық шоттарға есепке жатқызу үшін резидент-жеке тұлғалардан қабылданды	260				
12	валюталық шоттарға есепке жатқызу үшін бейрезидент-жеке тұлғалардан қабылданды	270				
	банктік шотты					

13	ашпастан және (немесе) пайдаланбастан біржолғы аударым үшін резидент-жек е тұлғалардан қабылданды	280				
14	банктік шотты ашпастан және (немесе) пайдаланбастан біржолғы аударым үшін бейрезидент-жек е тұлғалардан қабылданды	300				
15	жек е тұлғаларға жол чектерін сатудан қабылданды	311				
16	басқа да түсімдер	320				
17	Жұмсалған қолма-қол шетел валютасы, барлығы	400				
18	оның ішінде:					
19	банктің Қазақстаннан шығарғаны	410				
20	резидент банктермен және Ұлттық Банкпен операциялар	420				
21	бейрезидент банктермен және шет мемлекеттердің орталық банктерімен операциялар	425				
22	валюталық шоттардан банктік емес резидент-заңд	430				

	ы тұлғаларға берілді					
23	валюталық шоттардан бейрезидент-з аң ды тұлғаларға берілді	440				
24	уәкілетті ұйымдарға сатылды	445				
25	ж е к е тұлғаларға банктің айырбастау пунктері арқылы сатылды	450				
26	валюталық шоттардан резидент-жек е тұлғаларға берілді	460				
27	валюталық шоттардан бейрезидент-ж е к е тұлғаларға берілді	470				
28	банктік шотты ашпастан және (немесе) пайдаланбастан біржолғы аударым бойынша резидент-жек е тұлғаларға берілді	480				
29	банктік шотты ашпастан және (немесе) пайдаланбастан біржолғы аударым бойынша бейрезидент-ж е к е тұлғаларға берілді	500				

30	жол чектерін өтеу (қабылдау) кезінде жеке тұлғаларға берілді	511				
31	басқа да шығыс	520				
32	Қолма-қол шетел валютасының кезең соңындағы қалдығы	600				

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

Қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп (индексі – 16-РВ, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – 16-РВ-нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. 16-РВ-нысанда көрсеткіштерді екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, Ұлттық пошта операторы (бұдан әрі – банктер) есепті кезеңде операциялар жасалған немесе есепті кезеңнің басындағы немесе соңындағы қолма-қол шетел валютасының қалдығы бар шетел валюталарының түрлері бойынша көрсетеді.

3. Деректер валюта бірліктерінде бір бірлікке дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

4. 16-РВ-нысанға бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. 16-РВ-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Кодтары 220 және 420 "Резидент банктермен және Ұлттық Банкпен операциялар" жолдарында қолма-қол шетел валютасын сатып алу және сату, сондай-ақ қолма-қол шетел валютасын банктік шоттардан алу және банктік шоттарға есепке жатқызу операциялары көрсетіледі.

6. Кодтары 225 және 425 "Бейрезидент банктермен операциялар" жолдарында кодтары 210 және 410 жолдарға енгізілген операцияларды есептемегендегі қолма-қол шетел валютасын сатып алу және сату, сондай-ақ қолма-қол шетел валютасын банктік шоттардан алу және банктік шоттарға есепке жатқызу операциялары көрсетіледі.

7. 16-РВ-нысанды толтыру кезінде мынадай шарттардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

16-РВ-нысанның әрбір бағаны бойынша:

коды 200 жол = коды 210 жол + коды 220 жол + коды 225 жол + коды 230 жол + коды 240 жол + коды 245 жол + коды 250 жол + коды 260 жол + коды 270 жол + коды 280 жол + коды 300 жол + коды 311 жол + коды 320 жол;

коды 400 жол = коды 410 жол + коды 420 жол + коды 425 жол + коды 430 жол + коды 440 жол + коды 445 жол + коды 450 жол + коды 460 жол + коды 470 жол + коды 480 жол + коды 500 жол + коды 511 жол + коды 520 жол;

коды 600 жол = коды 100 жол + коды 200 жол - коды 400 жол.

8. 16-РВ-нысанға деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін (қоса алғанда) енгізіледі.

9. Есепті кезеңде операция және (немесе) кезеңнің басына немесе соңына қолма-қол шетел валютасының қалдығы болмаған жағдайда, 16-РВ-нысан берілмейді.

10. Барлық операция тиісті көрсеткіштерге сәйкес бөлінуі тиіс. Шетел валютасына біржолғы конвертациялаумен ұлттық валютадағы шоттардан қаражат беру операциялары коды 450 "Банктің айырбастау пункттері арқылы жеке тұлғаларға сатылды" деген жол бойынша көрсетіледі.

Шетел валютасының, оның ішінде банкомат арқылы түсуі бойынша операциялар біржолғы конвертациялаудан кейін және ұлттық валютадағы шоттарға есепке жатқызылған соң коды 250 "Банктің айырбастау пункттері арқылы жеке тұлғалардан сатып алынды" деген жол бойынша көрсетіледі.

"Басқа да түсімдер" деген 320 және "Басқа да шығыс" деген 520 жолдар бойынша ілеспе құжатты ұсына отырып, басқа да операциялар (тозған банкноттардың артық шығуы, кем шығуы, орын ауыстыруы, жолдағы банкноттар және т.б.) көрсетіледі.

11. Егер балансты бақылау кезіндегі айырма (700-Н) 500 (бес жүз) доллардан (баламада) артық болса, айырманы есептеуді қоса беру қажет.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
валюталық реттеу және
валюталық бақылау мәселелері
бойынша өзгерістер енгізілетін
кейбір қаулыларының тізбесіне
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 30 наурыздағы
№ 40 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 43) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда резиденттер мен бейрезиденттердің Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібі айқындалады.

Қағидаларда мынадай:

валюталық операцияларды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату;

банктік шот бойынша қолма-қол шетел валютасын алуға, есепке жатқызуға және пайдалануға байланысты операцияларды жүргізу тәртібі қамтылады.

2. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) көрсетілген мағынасында қолданылады.

Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар да пайдаланылады:

1) БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

3) қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасының шекті мәні – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 10-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес айқындалатын Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында қолма-қол ақшасыз шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу мақсаттарын және оны мәлімделген мақсаттарға пайдаланылуын растау жөніндегі талаптар қолданылатын Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасының мөлшері;

4) тіркеу куәлігі – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін валюталық шартты тіркеу кезінде берілген және күші жойылмаған, белгіленген үлгідегі құжат;

5) Ұлттық Банк – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

6) хабарлама туралы куәлік – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі шотқа берілген және күші жойылмаған, белгіленген үлгідегі құжат;

7) ішкі корпоративтік ақша аударымы – заңды тұлға өзінің құрылымдық бөлімшелерімен немесе бір заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің арасында жүзеге асырылатын ақша аударымы.

2-тарау. Валюталық операцияларды жүзеге асыру және жүргізілген валюталық операциялар туралы хабарламаны және (немесе) мәліметтерді ұсыну тәртібі

1-параграф. Валюталық операцияларды жүзеге асыру және жүргізілген валюталық операциялар туралы хабарламаны және (немесе) мәліметтерді ұсыну

3. Валюталық бақылау агенттері болып табылатын уәкілетті банк, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушы резидент немесе бейрезидент Қағидаларға сәйкес ұсынған құжаттар және (немесе) мәліметтер болған жағдайда валюталық операция жүргізеді.

Қағидалардың мақсаты үшін егер төлемнің және (немесе) ақша аударымының валютасы Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларынан басқа валюта болса, төлем және (немесе) ақша аударымы сомасының баламасы операция жүргізілген күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып есептеледі.

Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 5-бабының 7-тармағына сәйкес, "Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысымен және бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33512 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары) есептік нөмір берілуі тиіс экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру ерекшеліктері көзделеді.

4. Резиденттің міндеттемелерін орындау мақсатында бейрезиденттің шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотынан резиденттің валюталық операциясы бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы:

1) резиденттің бейрезиденттен алған қаржылай қарызын үшінші тұлғалардың шоттарына аударған;

2) өзі тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы бар бейрезидент резидентке бағалы қағаздар нарығында қаржылық қызметтер көрсеткен;

3) бейрезидент резидентке тапсырма шарты бойынша қызметтер көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады.

5. Есептік нөмір берілуі тиіс валюталық шарт бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырған кезде резидент төлем құжаттарында осындай шарттың деректемелерін және есептік нөмірін көрсетеді. Келіп түсетін соманы сәйкестендіру үшін резидент бейрезидентті өз пайдасына ақша аударуға арналған төлем құжаттарында валюталық шарттың деректемелерін және оның есептік нөмірін көрсету қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Есептік нөмір берілуі тиіс валюталық шарт бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде уәкілетті банк (оның филиалы) төлем құжатында валюталық шарт деректемелерінің және оның есептік нөмірінің болуын тексереді.

Егер капитал қозғалысының операцияларын немесе оларға теңестірілген операцияларды жүзеге асыруға негіз болатын және (немесе) орындалатын немесе шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотты пайдалана отырып төлемдер және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын, есептік нөмір берілген не тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік берілген валюталық шартқа (бұдан әрі – капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарт) "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының (бұдан әрі – Валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары) 14 және 21-тармақтарына сәйкес жаңа есептік нөмір берілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілсе, онда төлемді және (немесе) ақша аударымын қолданыстағы есептік нөмірді (тіркеу куәлігінің немесе хабарлама туралы куәліктің

нөмірін) пайдалана отырып жүзеге асыруға болады. Бұл ретте уәкілетті банк (оның филиалы) резидентке жаңа есептік нөмірді беру қажеттілігі туралы еркін нысанда хабарлайды.

Егер валюталық шарт бойынша резиденттің пайдасына келіп түскен төлем және (немесе) ақша аударымы бойынша төлем құжатында осындай шарттың деректемелері және (немесе) оның есептік нөмірі дұрыс көрсетілмесе немесе болмаса, онда уәкілетті банк ақшаны есепке жатқызуды валюталық шарттың деректемелерін және (немесе) оның есептік нөмірін резиденттің жазбаша растауының негізінде жүргізеді.

Валюталық шарт бойынша келіп түскен ақшаны есепке алу үшін қажетті деректер төлем құжатында болмаған жағдайда, уәкілетті банк (оның филиалы) келіп түскен соманы сәйкестендіру қажеттілігі туралы резидентке алдын ала жазбаша хабарлай отырып, оны жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шотына есепке жатқызады. Резидент валюталық шарттың деректемелерін және оның есептік нөмірін көрсете отырып, уәкілетті банкке (оның филиалына) келіп түскен соманың сипаты туралы жазбаша хабарлайды.

6. Егер келіп түскен ақша күнтізбелік бір жүз сексен күннің ішінде валюталық шарттың деректемелері немесе оның есептік нөмірі бойынша сәйкестендірілмеген не резидент Қағидаларда көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсыну жөніндегі өзге әрекеттерді орындамаса, уәкілетті банк (оның филиалы) мұндай нұсқауды жөнелтушіге орындамай қайтарады.

7. Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 7-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда жеке тұлға уәкілетті банкте шот ашпай және (немесе) оны пайдаланбай, Қазақстан Республикасының аумағында, Қазақстан Республикасынан және Қазақстан Республикасына баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын сомаға валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырады.

8. Валюталық бақылау агенті болып табылатын уәкілетті банк, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы валюталық бақылау агенттерінің клиенттері жол берген, күнтізбелік ай ішінде өздеріне белгілі болған Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзу фактілері туралы келесі күнтізбелік айдың соңғы күнінен кешіктірмей, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандағы бұзушылық бойынша карточкаға сәйкес Ұлттық Банкке хабарлайды.

Уәкілетті банк резиденттердің экспорт немесе импорт бойынша ұлттық және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талаптарын орындауына байланысты бұзушылықтар туралы Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тәртіппен хабарлайды.

9. Уәкілетті банк Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілген валюталық операциялар туралы есепті Ұлттық Банктің орталық аппаратына есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде, ай сайын ұсынады.

Жүргізілген валюталық операциялар туралы есепте валюталық операциялар, оның ішінде клиенттің тапсырмасы бойынша жүргізілген:

1) сомасы баламасында елу мың АҚШ долларына тең немесе одан асатын операциялар және осындай операцияның сомасына қарамастан, клиенттің тапсырмасы бойынша шетел валютасын қолма-қол ақшасыз сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар (уәкілетті банктерді қоспағанда, заңды тұлғалар үшін);

2) сомасы баламасында он мың АҚШ долларына тең немесе одан асатын операциялар және клиенттің тапсырмасы бойынша сомасы баламасында бір мың АҚШ долларына тең немесе одан асатын шетел валютасын қолма-қол ақшасыз сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар (жеке тұлғалар үшін);

3) сомасы баламасында елу мың АҚШ долларына тең немесе одан асатын операциялар және осындай операцияның сомасына қарамастан, шетел валютасын қолма-қол ақшасыз сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар (уәкілетті банктер үшін) қамтылады.

Жүргізілген валюталық операциялар туралы есепте жүргізу валютасы АҚШ долларынан өзгешеленетін валюталық операция бойынша ақпаратты көрсету мақсаты үшін осындай валюталық операция сомасының баламасы оның жүргізілген күні валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі.

10. Қағидаларға сәйкес талап етілетін ақпаратты уәкілетті банктер берілетін деректердің жасырындылығын және бірдей болуын қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілдікпен жеткізудің көлік жүйесін пайдалана отырып, қағаз жеткізгіште не электрондық тәсілмен ұсынады.

11. Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Ұлттық Банкке "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушыларынан шетел валютасында қайта сақтандыру қызметтеріне байланысты валюталық операциялар бойынша, оның ішінде "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37567 болып тіркелген) 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта сақтандыру қызметі туралы есепті ұсынады.

2-параграф. Валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде талап етілетін құжаттар

12. Валюталық операцияны жүзеге асырған кезде резидент немесе бейрезидент валюталық бақылау агенттері болып табылатын уәкілетті банкке, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайда ЖСН-мен жеке басты куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін) немесе цифрлық құжаттар сервисі арқылы жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректер.

Валюталық бақылау агенттері болып табылатын уәкілетті банк, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы "цифрлық үкімет" веб-порталындағы пайдаланушы кабинетінен ұсынылған иеленушінің келісімі болған кезде, сондай-ақ "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген иеленушінің ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы біржолғы парольді беру жолымен немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабар жіберу арқылы цифрлық құжаттар сервисінен деректерді пайдаланады;

2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжат (бар болса) (жеке тұлға – шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам үшін);

3) Ұлттық Банктің, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банктік және өзге операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы (бар болса);

4) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын растайтын не олардың негізінде орындалуы қажетті құжаттардың көшірмелері;

5) валюталық шарт немесе оның көшірмесі. Есептік нөмір берілуі тиіс валюталық шарт немесе оның көшірмесі есептік нөмірді алғаны туралы белгімен ұсынылады (Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен кейін есептік нөмір берілген валюталық шарт үшін);

6) тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік алынған және есептік нөмір берілмеген капитал қозғалысы жөніндегі есептік тіркеуге жататын валюталық шарттар немесе шетелдік банктердегі шоттар үшін.

Валюталық шартты ұсыну мынадай жағдайларда:

егер валюталық операция бойынша ақша аударымы Қазақстан Республикасының шегінде резидент-жеке тұлғалар арасында немесе бейрезидент-жеке тұлғалар арасында жүзеге асырылса және өтеусіз болып табылса;

егер валюталық операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын сомада жүзеге асырылса және төлемнің және (немесе) ақша аударымының жөнелтушісі немесе бенефициары уәкілетті банктің жеке тұлға, шетелдік заңды тұлғаның филиалы және (немесе) өкілдігі немесе

бейрезидент-заңды тұлға болып табылатын клиенті болып табылса (есептік нөмір берілуге тиіс валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қоспағанда);

егер валюталық операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын сомада жүзеге асырылса және резидент-заңды тұлға (төлемнің және (немесе) ақша аударымының жөнелтушісі және (немесе) бенефициары) осындай төлемнің және (немесе) ақша аударымының есептік нөмір берілетін валюталық шартты орындауға байланысты емес екені туралы жазбаны жасаса немесе растаса (есептік нөмір берілуге тиіс валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қоспағанда);

егер валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жеке тұлға шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы өзінің банктік шотына (өзінің банктік шотынан) жүзеге асырса талап етілмейді.

Резидент-үшінші тұлғаның шотына (шотынан) резиденттің және (немесе) бейрезиденттің міндеттемелерін орындау есебіне уәкілетті банк арқылы жүргізілетін валюталық операция бойынша төлемге және (немесе) ақша аударымына осындай төлем және (немесе) ақша аударымы негізінде жүзеге асырылатын валюталық шарттан туындамаса, резидент-үшінші тұлға мен төлем және (немесе) ақша аударымы оның орнына қабылданатын (жөнелтілетін) тұлға арасындағы өзара міндеттемелердің сипатын айқындайтын валюталық шарт ұсынылған жағдайда жол беріледі. Егер кез келген валюталық шартқа есептік нөмір берілуге тиіс болса, онда есептік нөмір беру туралы белгісі бар валюталық шарттың көшірмесі немесе тіркеу куәлігінің көшірмесі немесе хабарлама туралы куәліктің көшірмесі (Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін тіркеу куәлігін немесе хабарлама туралы куәлікті алуға тиіс болған валюталық шарттар бойынша) ұсынылады.

Егер валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын резидент-жеке тұлға жұбайының (зайыбының) немесе жақын туысының міндеттемелерін орындау есебіне жүзеге асырса, онда валюталық шарт ретінде ақша жөнелтуші міндеттемелерін орындау есебіне төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын жеке тұлғаның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы болып табылатынын растайтын құжат ұсынылады.

13. Резиденттің немесе бейрезиденттің валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын уәкілетті банк шығарған төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізуі Қағидаларға сәйкес талап етілетін құжаттарды және (немесе) мәліметтерді алдын ал сұратусыз жүзеге асырылады.

Егер осындай операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы баламасы елу мың АҚШ долларына тең болатын немесе одан жоғары сомаға жүргізілсе, онда резидент немесе бейрезидент уәкілетті банктің сұратуы бойынша Қағидалардың 16 және 17-тармақтарына сәйкес мәліметтерді ұсынады.

Егер төлемді және (немесе) ақша аударымын резидент-заңды тұлға немесе шетелдік қаржылық емес ұйымның резидент-филиалы (өкілі) корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып баламасы елу мың АҚШ долларына тең болатын немесе одан жоғары сомаға жүргізсе, онда ол резидент осындай төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті банкке валюталық шартты немесе оның көшірмесін ұсынады.

3-параграф. Валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде талап етілетін мәліметтер

14. Валюталық шартты ұсыну талап етілетін валюталық операцияны жүзеге асыру кезінде және клиент болып табылатын жеке тұлғада (ақша жөнелтушісінде немесе ақша бенефициарында) оны ұсыну мүмкіндігі болмаған кезде уәкілетті банк, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы осындай валюталық операцияны жеке тұлға жасаған немесе растаған мынадай:

1) уәкілетті банкке, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысына осындай валюталық операция туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына және (немесе) Ұлттық Банкке ұсынуын рұқсат ететін;

2) осы валюталық операция есептік нөмір (резиденттер үшін) берілуге тиіс валюталық шартты орындауға байланысты емес екенін растайтын;

3) осы валюталық операция террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландырумен және терроризмге немесе экстремизмге өзге де қолдау көрсетумен байланысты емес екенін растайтын жазбалары туралы мәліметтер болған кезде жүргізеді.

15. Жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақшаны әкетуге, Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін, айқын экономикалық мәні жоқ валюталық операциялар валюталық операцияның тарабы болып табылатын резиденттің уәкілетті банкке осы валюталық операция туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына беруге рұқсат беруі туралы мәліметтер болған кезде жүзеге асырылады.

Осы рұқсат еркін нысанда ресімделеді. Жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақшаны әкетуге, Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін, айқын экономикалық мәні жоқ валюталық операциялар валюталық операцияларды жүзеге асыруға негіз болатын валюталық шарт шеңберіндегі валюталық операциялар бойынша барлық валюталық операцияларға қатысты бір рұқсат беруге рұқсат етіледі.

16. Резидент Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген сомаға Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 15-бабына сәйкес хабарлауға және (немесе) мәлімет ұсынуға тиіс валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізген кезде валюталық операция туралы мәліметтерді Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, оның ішінде:

1) егер осы деректер төлем құжатында көрсетілген деректермен сәйкес келмесе, төлем құжаты бойынша жөнелтушінің және бенефициардың тіркелген елін;

2) ішкі корпоративтік ақша аударымының белгісін;

3) төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілетін валюталық операцияның кодын ;

4) төлем құжаты бойынша жөнелтушімен және бенефициармен сәйкес келмеген жағдайда, валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші және (немесе) ақша алушы туралы мәліметтерді;

5) төлем құжаты бойынша жөнелтушімен және бенефициармен сәйкес келмеген жағдайда, валюталық шарт бойынша ақша жөнелтушінің және ақша алушының тіркелген елін;

6) валюталық шарттың деректемелерін және валюталық шарттың есептік нөмірін (ол болған кезде) көрсете отырып ұсынады.

Валюталық операцияның кодын және осы тармақта көрсетілген өзге мәліметтерді көрсету мақсатында уәкілетті банктің сұратуы бойынша резидент-заңды тұлға құрылтай құжаттарын ұсынады.

17. Бейрезидент Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген сомаға Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 15-бабына сәйкес хабарлауға және (немесе) мәлімет ұсынуға тиіс валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізген кезде уәкілетті банкке валюталық операция бойынша мәліметтерді Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

1) егер осы деректер төлем құжатында көрсетілген деректермен сәйкес келмесе, төлем құжаты бойынша ақша жөнелтушінің және бенефициардың тіркелген елін;

2) төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілетін валюталық операцияның кодын ;

3) ішкі корпоративтік ақша аударымының белгісін көрсете отырып ұсынады.

18. Қағидалардың 16 және 17-тармақтарында көрсетілген валюталық операция бойынша мәліметтерді уәкілетті банкке клиент ұсынады немесе уәкілетті банк клиент ұсынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өзі дербес көрсетеді.

Валюталық бақылау агенті ретінде уәкілетті банк клиент ұсынған мәліметтердің және ұсынылған валюталық шарттың негізінде валюталық операцияның кодын көрсетудің дұрыстығын тексереді және қажет болған кезде клиент көрсеткен деректерді түзетеді.

4-параграф. Жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақшаны әкетуге, Қазақстан Республикасы валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға, айқын экономикалық мәні жоқ валюталық операцияларға бағытталуы мүмкін жекелеген валюталық операциялардың түрлері мен өлшемшарттары және оларды жүргізу тәртібі

19. Жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақшаны әкетуге бағытталуы мүмкін валюталық операцияларға мынадай операциялар жатады:

1) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, бейрезиденттің резидентке (уәкілетті банкті қоспағанда) ақша ұсынуы көзделетін қаржылай қарыз;

2) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, резидентте (уәкілетті банкті қоспағанда) бейрезидентке ақша қайтару бойынша талаптардың туындауы көзделетін қаржылай қарыз;

3) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттің экспортқа ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап жеті жүз жиырма күннен асатыны көзделсе, экспорт бойынша операциялар;

4) егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) аванстық төлемді немесе толық көлемде алдын ала төлем сомасын қоса алғанда (бейрезидент импорт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда), бейрезиденттің тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) бойынша немесе ақшаны қайтару бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап жеті жүз жиырма күннен асатыны көзделсе, импорт бойынша операциялар;

5) резиденттің клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына бейрезидент-кәсіби қатысушыға баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;

6) резиденттің шетелдегі өз шотына баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;

7) резиденттің бейрезиденттің пайдасына баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға жүзеге асыратын өтеусіз ақша аударымы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген валюталық операциялар сауда немесе исламдық қаржыландыру жөніндегі мәмілелер шеңберінде туындайтын қаржылай қарыздарды, сондай-ақ бейрезиденттер Қазақстан Республикасындағы өз филиалдарымен (өкілдіктерімен) жүзеге асыратын операцияларды және шетелдік ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы филиалдарының (өкілдіктерінің) арасындағы операцияларды қамтымайды.

Осы тармақтың мақсаттары үшін резиденттің үлестес тұлғасына:

1) резидент-занды тұлғаның акционерлік қоғамының дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы (қатысушылар дауыстарының он және одан көп пайызы) тиесілі тұлға;

2) осы резидентке акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы (қатысушылар дауыстарының он және одан көп пайызы) тиесілі тұлға ;

3) осы резидентпен бірлесіп үшінші тұлғаның бақылауындағы тұлға жатады.

Осы тармақ шетелдік қаржылық емес ұйымдардың филиалдары (өкілдіктері) жүзеге асыратын ішкі корпоративтік ақша аударымдарына қолданылмайды.

20. Жүргізілуі Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін валюталық операцияларға:

1) бір тұлғаның бір күнтізбелік айдағы бір бейрезидентпенпен жасалған екі немесе одан да көп валюталық шарттар бойынша жалпы сомасы шекті мәннен асатын төлемдері және (немесе) ақша аударымдары, одан асатын мұндай валюталық шарттарға есептік нөмір берілуге тиіс;

2) егер ұлттық валютадағы ақшаның шығу көзі бейрезиденттің резидентке тауарларды сатудан (жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетуден), өзге де қаржы активтерін ұлттық валютаға сатудан, Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметтен ұлттық валютада дивидендтер алудан, мемлекеттік кірістер органдарының бұрын бейрезидент төлеген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және ұлттық валютаның өзге де экономикалық негізделген шығу көздерін қайтарудан түскен ақшаны алуына байланысты болмаса, бейрезиденттің баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ұлттық валюта үшін қолма-қол ақшасыз шетел валютасын бір уәкілетті банктен бір жұмыс күні ішінде сатып алу операциялары жатады.

21. Айқын экономикалық мәні жоқ валюталық операцияға, егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) қаржылай қарыз нысанын пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу көзделмесе, резиденттің үлестес тұлға болып табылмайтын бейрезидентке ақша беруін көздейтін қаржылай қарыз жатады.

22. Қағидалардың 19, 20 және 21-тармақтарында көрсетілген валюталық операцияларды жүргізу кезінде уәкілетті банктің клиенті уәкілетті банкке осы төлем және (немесе) ақша аударымы туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына ұсынуға рұқсат береді.

Валюталық операцияларды жүзеге асыратын резидент немесе бейрезидент болып табылатын уәкілетті банктің клиенті уәкілетті банктің талабы бойынша уәкілетті банкке "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі

– КЖТҚ/ЖҚЖҚТҚҚ туралы заң) талаптарына сәйкес операцияға мониторинг жүргізу және оны зерделеу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынады.

23. Қағидалардың 19, 20 және 21-тармақтарында көрсетілген валюталық операцияларды жүргізу кезінде уәкілетті банк КЖТҚ/ЖҚЖҚТҚҚ туралы заңның 11-бабына сәйкес әзірленіп, қабылданған ішкі бақылау қағидаларында көзделген клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасына сәйкес осындай операцияға мониторинг жүргізеді және оны зерделейді.

3-тарау. Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату тәртібі

24. Резиденттер және бейрезиденттер Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында уәкілетті банктердегі банктік шоттар арқылы қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуды және (немесе) сатуды қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға өтінім (өтінімдер) негізінде жүзеге асырады.

Шетелдік қаржылық емес ұйымдардың (резиденттер және бейрезиденттер) филиалдары (өкілдіктері) аударым ішкі корпоративтік болып табылатындығын растайтын құжаттың негізінде ішкі корпоративтік ақша аударымын бұдан әрі жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында уәкілетті банктердегі банктік шоттар арқылы қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуды және (немесе) сатуды жүзеге асырады.

Осы тараудың талаптары уәкілетті банктердің резиденттері және бейрезиденттері болып табылатын жеке тұлғалардың қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуына немесе сатуына қолданылмайды.

25. Резидент-заңды тұлғалар Қағидалардың 24-тармағына сәйкес қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға өтінімді (өтінімдерді) ресімдеу кезінде қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу мақсатын көрсетеді.

Бейрезидент-заңды тұлғалар Қағидалардың 24-тармағына сәйкес ұлттық валютамен уәкілетті банктердегі банктік шоттар арқылы қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға өтінімді (өтінімдерді) ресімдеу кезінде қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу немесе сату мақсатын көрсетеді.

26. Резидент-заңды тұлғалар шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты емес мақсаттарға бір уәкілетті банктен бір жұмыс күні ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасының шекті мәнінен аспайтын сомаға сатып алады.

Шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты емес мақсаттарға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын резидент-заңды тұлғаның меншікті шоттарына, оның ішінде оның оқшауланған бөлімшелерінің шоттарына есепке жатқызу және (немесе) аудару, сондай-ақ шетел валютасындағы өтеусіз ақша аударымдары жатады.

27. Резидент-заңды тұлға бір уәкілетті банкте бір жұмыс күні ұлттық валюта үшін қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу кезінде қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасының шекті мәнінен асатын сомаға міндеттемелерді орындауға байланысты мақсаттарға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуға арналған өтінімге (өтінімдерге) қоса:

1) орындалуы үшін қолма-қол ақшасыз шетел валютасы сатып алынатын валюталық шарттың көшірмесі және төлемге шот не өзге құжатты (егер валюталық шарттың талаптары бойынша шоттан не өзге төлем құжатынан үзінді көшірме міндетті болып табылса);

2) Қағидалардың 28-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуға арналған өтінімге (өтінімдерге) уәкілетті банкке оны сатып алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мәлімделген мақсаттарға пайдаланбаған жағдайда, осы валютаны кейінгі үш жұмыс күні ішінде ұлттық валютаға сатуға нұсқау береді.

Бір уәкілетті банктен бір жұмыс күні сомасы жеке алғанда баламасы қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасының шекті мәнінен аспайтын, бірақ қосу нәтижесінде баламасы қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасының шекті мәнінен асатын бірнеше өтінім бойынша ұлттық валюта үшін қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары орындалуы осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген соманың шекті мәнін арттыруға әкеп соғатын өтінімдерге қолданылады.

Қағидалардың осы тармағына сәйкес сатып алынған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты емес мақсаттарға пайдалануға рұқсат етілмейді.

Егер валюталық шартқа есептік нөмір берілуге тиіс болса, онда есептік нөмір беру туралы белгімен немесе тіркеу куәлігінің көшірмесімен, немесе хабарлама туралы куәліктің көшірмесімен бірге валюталық шарттың көшірмесі ұсынылады.

Уәкілетті ұйымдардың уәкілетті банктен ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған қолданыстағы лицензия және оған қолданыстағы қосымшаның (қолданыстағы қосымшалардың) негізінде жүзеге асырылады.

28. Резидент-заңды тұлға осы резидент-заңды тұлға өзінің акционерлері, құрылтайшылары, қатысушылары арасында бөлетін таза кірісті немесе оның бір бөлігін төлеу мақсатына қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алған кезде уәкілетті банкке Қағидалардың 27-тармағында көзделген нұсқауды ұсыну талап етілмейді.

Резидент-заңды тұлға Қағидалардың 27-тармағына сәйкес уәкілетті банктен (банк шоттарын ашуға және жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы жоқ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысынан басқа) валюталық шарт сомасы бір жүз миллион

АҚШ доллары баламасынан асатын алынған сыртқы қарыздар және шығарылым проспектісіне сәйкес номиналдық сомасы бір жүз миллион АҚШ доллары баламасынан асатын және міндеттемелерді орындау қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу күнінен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде басталатын шетел валютасында шығарылған облигациялар бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденті алдындағы шетел валютасындағы міндеттемелерін өтеу мақсатына қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алған кезде резидент-заңды тұлға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу өтініміне (өтінімдеріне) мынадай құжаттарды:

- 1) тиісті шетел валютасында жеке банктік шот ашу өтінішін;
- 2) сатып алынған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын шетел валютасындағы жеке банктік шотқа есепке жатқызу нұсқауын;
- 3) сатып алынған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде оны мәлімделген мақсатқа пайдаланбаған жағдайда осы валютаны кейінгі үш жұмыс күні ішінде ұлттық валютаға сату нұсқауын;
- 4) міндеттемелерді орындау сомасы мен мерзімін растайтын құжаттарды (кредиттік шартты және төлем кестесін, валюталық шарттың талаптарына сәйкес міндетті болып табылатын өзге құжаттарды) қоса береді.

Уәкілетті банк (банк шоттарын ашуға және жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы жоқ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысынан басқа) резидент-заңды тұлға сатып алған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын жеке банктік шотқа есепке жазады және оны резидент-заңды тұлғаның мәлімделген мақсатқа ғана пайдалануын қамтамасыз етеді.

Резидент-заңды тұлға (уәкілетті банкті қоспағанда) Қағидалардың 27- тармағына сәйкес уәкілетті банк болып табылатын және банк шоттарын ашуға және жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы жоқ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысынан валюталық шарт сомасы бір жүз миллион АҚШ доллары баламасынан асатын алынған сыртқы қарыздар және шығарылым проспектісіне сәйкес номиналдық сомасы бір жүз миллион АҚШ доллары баламасынан асатын және міндеттемелерді орындау қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу күнінен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде басталатын шетел валютасында шығарылған облигациялар бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденті алдындағы шетел валютасындағы міндеттемелерін өтеу мақсатына қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алған кезде резидент-заңды тұлға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу өтініміне (өтінімдеріне) мынадай құжаттарды:

- 1) тиісті шетел валютасында бөлек жеке шот (қосалқы шот) ашу өтінішін;
- 2) сатып алынған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын шетел валютасындағы бөлек жеке шотқа (қосалқы шотқа) есепке жатқызу нұсқауын;

3) сатып алынған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн ішінде оны мәлімделген мақсатқа пайдаланбаған жағдайда осы валютаны кейінгі үш жұмыс күні ішінде ұлттық валютаға сату нұсқауын;

4) міндеттемелерді орындау сомасы мен мерзімін растайтын құжаттарды (кредиттік шартты және төлем кестесін, валюталық шарттың талаптарына сәйкес міндетті болып табылатын өзге құжаттарды) қоса береді.

Уәкілетті банк болып табылатын және банк шоттарын ашуға және жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы жоқ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы резидент-заңды тұлға сатып алған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын бөлек жеке шотқа (қосалқы шотқа) есепке жазады және оны резидент-заңды тұлғаның мәлімделген мақсатқа ғана пайдалануын қамтамасыз етеді.

29. Резидент-заңды тұлғаның қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасының шекті мәнінен астам сомаға ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуға бір уәкілетті банкте бір жұмыс күні өтінімді (өтінімдерді) орындау кезінде уәкілетті банк өтінімде (өтінімдерде) көрсетілген қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу мақсаты мен сомасын валюталық шартпен және шотпен не қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу мақсаты мен сомасын растайтын өзге төлем құжатымен, сондай-ақ осы валюталық шарт негізінде Қағидаларға сәйкес бұрын жүзеге асырылған ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу туралы қолда бар мәліметтермен салыстырып тексереді.

Валюталық шарт бойынша ұлттық валютаға қолма қол ақшасыз шетел валютасын сатып алудың жалпы сомасы валюталық шарт сомасынан асып кетуіне жол берілмейді. Валюталық шарт бойынша ұлттық валютаға қолма қол ақшасыз шетел валютасын сатып алудың жалпы сомасы резидент-заңды тұлғаның өтінімдері және (немесе) басқа уәкілетті банктердің осы валюталық шарттың шеңберінде жүзеге асырылған шетел валютасын сатып алу ақпараты негізінде есептеледі.

30. Резидент-заңды тұлға қолма-қол ақшасыз шетел валютасы сатып алынған бұрын ресімделген өтінімге Қағидалардың 27-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес ресімделген қосымша өтінімді уәкілетті банкке ұсынған кезде Қағидалардың 28-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қағидалардың 26 және 27-тармақтарына сәйкес сатып алынған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын басқа валюталық шарт бойынша шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты мақсаттарға пайдалануға рұқсат етіледі.

Резидент-заңды тұлға валюталық шарт бойынша шетел валютасындағы міндеттемелерін орындау мақсатында Қағидалардың 27-тармағына және 28-тармағының екінші бөлігіне сәйкес бұрын сатып алған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын басқа уәкілетті банктегі өзінің шотына аударған кезде уәкілетті банк клиенттің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) "Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз

төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделетін ақша аударымына өтінішінде басқа уәкілетті банктің одан әрі валюталық бақылауды жүзеге асыруы үшін сатып алу күнін міндетті түрде көрсетумен Қағидалардың 27-тармағына және 28-тармағының екінші бөлігіне сәйкес бұрын сатып алынған қолма-қол ақшасыз шетел валютасы туралы ақпаратты көрсетуін қамтамасыз етеді.

Резидент-заңды тұлға Қағидалардың 27-тармағына және 28-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес бұрын сатып алынған қолма-қол ақшасыз шетел валютасын валюталық шарт бойынша шетел валютасындағы міндеттемелерді орындау мақсатында уәкілетті банк болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысында ашылған меншікті жеке шотына (қосалқы шотқа) аударған кезде уәкілетті банк резидент-заңды тұлғаның келісімі негізінде осы аударыммен бір мезгілде уәкілетті банк болып табылатын бағалы қағаздар нарығының осындай кәсіби қатысушысына Қағидалардың 27-тармағына және 28-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес уәкілетті банк болып табылатын бағалы қағаздар нарығының осындай кәсіби қатысушысы одан әрі валюталық бақылауды жүзеге асыруы үшін сатып алу күнін міндетті түрде көрсете отырып, қолма-қол ақшасыз шетел валютасын бұрын сатып алғаны туралы ақпаратты жібереді.

Валюталық шарт бойынша шетел валютасындағы міндеттемелерді орындау мақсатында оны басқа уәкілетті банкке аударған жағдайда, басқа уәкілетті банк сатып алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны мәлімделген мақсаттарға пайдаланбаған кезде кейінгі үш жұмыс күні ішінде осы валютаны ұлттық валютаға сатады.

31. Уәкілетті банк резидент-заңды тұлғаның Қағидалардың 25, 26, 27, және 28-тармақтарына сәйкес ресімделген ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алуға өтінімін, сондай-ақ егер:

резидент-заңды тұлғаның өтінімі және (немесе) басқа уәкілетті банктердің шетел валютасын сатып алу жүзеге асырылғаны туралы ақпараты негізінде есептелген бір валюталық шарт бойынша ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасы осындай валюталық шарттың және шоттың не төлемге арналған өзге құжаттың сомасынан асып кетсе;

бір резидент-заңды тұлға бір уәкілетті банк арқылы резидент-заңды тұлғаның өтінімі негізінде есептелген шетел валютасындағы міндеттемелерді орындауға байланысты емес мақсаттарға бір жұмыс күніндегі ұлттық валютаға қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасы қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу сомасының шекті мәні баламасынан асып кетсе, орындауға қабылдамайды.

4-тарау. Қолма-қол шетел валютасын алуға, есепке жатқызуға және пайдалануға байланысты банктік шот бойынша операцияларды жүргізу тәртібі

32. Жеке тұлғалар уәкілетті банктердегі өздерінің банктік шоттарынан (өздерінің банктік шоттарына) қолма-қол шетел валютасын шектеусіз алады (салады).

33. Заңды тұлғаларға және шетелдік ұйымдардың филиалдарына (өкілдіктеріне) Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 7-бабында көрсетілген жағдайларда жеке тұлғалармен есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін уәкілетті банктегі өздерінің банктік шоттарынан қолма-қол шетел валютасын алуына рұқсат етіледі.

34. Заңды тұлға немесе шетелдік ұйымның филиалы (өкілдігі) жеке тұлғаға оның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға баруына байланысты шығысты, оның ішінде өкілдік шығысын төлеу жөніндегі валюталық операцияны жүзеге асыру мақсаттары үшін өзінің банктік шотынан қолма-қол шетел валютасын алған кезде уәкілетті банкке жеке тұлғаларға жүзеге асырылатын төлемдердің мақсатын растайтын және алынатын қолма-қол шетел валютасының сомасына нұсқауды қамтитын құжаттарды ұсынады. Осындай құжаттар ретінде бұйрықты, өкімді, шешімді, іссапар шығысының сметасын ұсынуға жол беріледі.

Жеке тұлғаға оның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға баруына байланысты шығысты, оның ішінде өкілдік шығысты корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып төлеу жөніндегі валюталық операцияны жүзеге асыру мақсаттары үшін қолма-қол шетел валютасы алынған жағдайда көрсетілген құжаттар осындай алынған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті банкке ұсынылады.

35. Жеке тұлғаға оның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға баруына байланысты шығысты, оның ішінде өкілдік шығысты төлеу жөніндегі валюталық операцияны жүзеге асыру мақсаттарына алынған қолма-қол шетел валютасы көрсетілген мақсатқа (толық немесе ішінара) пайдаланылмаса, пайдаланылмаған қолма-қол шетел валютасы қызметкерлердің іссапар мерзімі аяқталған соң он жұмыс күні ішінде заңды тұлғаның немесе шетелдік ұйым филиалының (өкілдігінің) уәкілетті банктегі банктік шотына міндетті түрде есепке жатқызылады.

Заңды тұлға немесе шетелдік ұйымның филиалы (өкілдігі) қолма-қол шетел валютасын уәкілетті банктегі өзінің банктік шотына есепке жатқызған кезде кассалық кіріс ордерінде өзінің қолма-қол шетел валютасын алу негізін көрсетеді.

36. Уәкілетті банк Қағидалардың 8-тармағына сәйкес Ұлттық Банкке Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 7-бабында көзделген жағдайларда қолма-қол шетел валютасын есепке жатқызуды қоспағанда, қолма-қол шетел валютасын заңды тұлғаның немесе шетелдік ұйым филиалының (өкілдігінің) банктік шотына есепке жатқызу фактісі туралы хабарлайды.

37. Қағидалардың 33, 34 және 35-тармақтары дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктерге, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің консулдық мекемелеріне қолданылмайды.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
I-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: № _____ бұзушылық бойынша карточка

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: KN1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: _____ жылғы _____ ай үшін

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: уәкілетті банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың соңғы күніне дейінгі мерзімде, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Жол коды	Ақпарат түрі	Бұзушылық бойынша ақпарат
10	Банк клиенті бойынша ақпарат:	
11	атауы (заңды тұлғалар немесе заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) үшін), ұйымдастыру-құқықтық нысаны (ол бар болған жағдайда), тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлғалар үшін)	
12	БСН (заңды тұлғалар немесе заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) үшін)	
13	ЖСН (жеке тұлғалар үшін)	
14	клиент белгісі: 1 – заңды тұлға, 2 – жеке тұлға, 3 – заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі)	
15	тұрақты тұратын (орналасқан) жері	
16	облыс коды	
20	Валюталық операция бойынша ақпарат:	

21	күні	
22	сомасы	
23	валютасы	
30	Бұзушылық жөніндегі ақпарат:	
31	түрі	
32	бұзушылықтың сипаты	
33	валюталық шарттың нөмірі (бос орынсыз көрсетіледі)	
34	валюталық шарттың күні (КК/АА/ЖЖЖЖ форматында)	
35	есептік нөмірі (бар болса)	
36	валюталық шарт бойынша өзге ақпарат (бар болса)	
37	бұзушылық бойынша қосымша мәліметтер	

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Бұзушылық бойынша карточка" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Бұзушылық бойынша
карточка" өтеусіз негізде
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанына
қосымша

Бұзушылық бойынша карточка (индексі – KN1, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бұзушылық бойынша карточка" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптар айқындалады.

2-тарау. Нысанды толтыру

2. Ақпарат Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

3. Коды 11-жолда жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса); заңды тұлғаның немесе заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) атауы; ұйымдық-құқықтық нысаны (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

4. Коды 16-жолда "Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші" ҚР ҰЖ 11 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес облыс кодының алғашқы 2 цифры көрсетіледі.

5. Коды 21, 22 және 23-жолдар құжаттарды немесе ақпаратты беру мерзімі бұзылған жағдайларда толтырылмайды.

6. Коды 21-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операция күн көрсетіледі.

7. Коды 22-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операцияның сомасы операция валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

8. Коды 23-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операция бойынша валюта кодының "Валюталарды және қорларды ұсынуға арналған кодтар" 07 ISO 4217 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес әріппен берілген белгісі көрсетіледі.

9. Коды 31-жолда мәтіндік және (немесе) сандық форматтағы бұзушылықтың түрі көрсетіледі.

10. Коды 32-жолда бұзушылықтың қысқаша сипаты мәтіндік форматта келтіріледі.

11. Коды 34, 35 және 36-жолдар валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операция бойынша валюталық шарт болған кезде толтырылады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Валюталық операция туралы мәліметтер

Уәкілетті банктің коды _____

Төлем құжатының нөмірі _____

Күні _____

Жол коды	Ақпарат түрі	Ақпарат
01	Валюталық операция коды	
02	Төлем (ақша аударымы) белгісі ("1" – ішкі корпоративтік ақша аударымы; "0" – өзге төлем (ақша аударымы))	
10	Төлем құжатында көрсетілген төлемнің және (немесе) ақша	

	аударымының жөнелтушісі және бенефициары туралы ақпарат	
11	Жөнелтушінің резиденттік елінің коды	
12	Бенефициардың резиденттік елінің коды	
20	Валюталық шарт туралы ақпарат:	
21	Шарттың нөмірі (атауы, бар болса)	
22	Шарттың күні	
23	Шарттың есептік нөмірі (бар болса)	
24	Валюталық шарт бойынша өзге ақпарат (бар болса)	
30	Валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші туралы ақпарат (төлем құжатында көрсетілген ақша жөнелтушімен сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)	
31	Резиденттік белгісі	
32	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) Заңды тұлғаның, оның филиалының (өкілдігінің) атауы	
33	ЖСН немесе БСН (бар болса)	
34	Экономика секторының коды	
35	Резиденттік елінің коды	
40	Валюталық шарт бойынша ақша алушы туралы ақпарат (төлем құжатында көрсетілген бенефициармен сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)	
41	Резиденттік белгісі	
42	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) Заңды тұлғаның, оның филиалының (өкілдігінің) атауы	
43	ЖСН немесе БСН (бар болса)	
44	Экономика секторының коды	
45	Резиденттік елінің коды	

Ескертпе: нысан "Валюталық операция туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Валюталық операция туралы
мәліметтер" нысанына
қосымша

"Валюталық операция туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде (бұдан әрі – Түсіндірме) "Валюталық операция туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптар айқындалады.
2. Нысан тиісті төлем құжатына қосымша ретінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру

3. Резидент-клиенттер және бейрезидент-клиенттер 01, 02, 11 және 12-жолдарды толтырады. 21, 22, 23, 24, 31, 32, 33, 34, 35, 41, 42, 43, 44 және 45-жолдарды тек резиденттер толтырады.

4. 01-жол Түсіндірмеге қосымша болып табылатын валюталық операциялар кодының кестесіне сәйкес толтырылады.

5. 11, 12, 35 және 45-жолдарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес резиденттік елінің екі таңбалы коды көрсетіледі.

Заңды тұлғаның, заңы тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің тіркелу елі – резиденттік елі немесе жеке тұлғаның тұрақты тұратын елі (азаматтығы немесе Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес ұсынылған құқық негізінде).

6. 31, 34, 41 және 44-жолдар "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісіледі.

"Валюталық операция туралы
мәліметтер" нысанын толтыру
бойынша түсіндірмеге
қосымша
Кесте

Валюталық операциялардың кодтары

Валюталық операциялардың кодтары	Операциялардың атауы
1. Банктік шоттарды қолдана отырып жүргізілетін операциялар	
11. Сыртқы сауда операциялары (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер), оның ішінде комиссия және электрондық ақшаны сатып алу/өтеу шарттары бойынша	
11.1 тауарлар үшін төлемдер:	
1111	Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлар үшін төлемдер

1112	Қазақстан Республикасының аумағынан әкелілетін тауарлар үшін төлемдер
1113	Қазақстан Республикасының аумағында және оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкелмей сатып алынған немесе сатылған тауарлар үшін төлемдер
1114	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде және оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелмей сатып алынған немесе сатылған тауарлар үшін төлемдер
11.2 жұмыстар және көрсетілетін қызметтер үшін төлемдер:	
1121	бейрезиденттің резидентке көрсеткен қызметтері немесе орындаған жұмыстары үшін төлемдер;
1122	резиденттің бейрезидентке көрсеткен қызметтері немесе орындаған жұмыстары үшін төлемдер
1123	резиденттің резидентке көрсететін қызметтері немесе орындайтын жұмыстары үшін төлемдер
1124	бейрезиденттің бейрезидентке көрсететін қызметтері немесе орындайтын жұмыстары үшін төлемдер
11.3 электрондық ақшамен операциялар	
1131	резидент эмитенті болатын электрондық ақшамен операциялар
1132	бейрезидент эмитенті болатын электрондық ақшамен операциялар
11.4 өзге төлемдер:	
1141	тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету шарттары бойынша ілеспе төлемдер
1142	қате аударылған соманы, сондай-ақ ұсынылмаған тауарлар, көрсетілмеген қызметтер, орындалмаған жұмыстар үшін төленген төлемдерді қайтару
1143	тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету шарттары бойынша өзге төлемдер
12. Жылжымайтын мүлікпен, өзге жабдықпен және көлік құралдарымен (сатып алу және сатудан басқа), өндірілмеген қаржылық емес активтермен, зияткерлік меншік объектілерімен, материалдық емес активтермен операциялар	
12.1. тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды қоса алғанда, меншік құқығын, зияткерлік меншік объектілеріне толығымен айрықша құқықты толық иелену	
1211	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікке, өндірілмеген қаржылық емес активтерге (жер, оның қойнауы) меншік құқығын иелену
1212	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікке меншік құқығын иелену
1213	зияткерлік меншік объектілеріне толығымен айрықша құқықты иелену

1214	өзге материалдық емес активтерге меншік құқығын иелену
12.2. ағымдағы жалдау (жер қойнауын пайдалану құқығын қоса алғанда), айрықша құқықты ішінара иелену	
1221	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікті, өндірілмеген қаржылық емес активтерді (жер, оның қойнауы) жалдау
1222	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікті жалдау
1223	жабдықты және көлік құралдарын жалдау
1224	зияткерлік меншік объектілеріне ішінара айрықша құқықты иелену
1225	өзге материалдық емесе активтерді пайдаланғаны үшін лицензиялық және өзге төлемдер
12.3. қаржы лизингі немесе кейіннен сатып ала отырып жалға алу	
1231	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікті кейіннен сатып ала отырып жалға алу
1232	жылжымайтын мүлікке теңестірілген мүліктің қаржы лизингі
1233	жабдықтың және көлік құралдарының қаржы лизингі
12.4. өзге төлемдер	
1241	өзге төлемдер: ілеспе төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, комиссиялар), қате аударылған соманы қайтару және жылжымайтын мүлікпен, өзге жабдықпен және көлік құралдарымен (сатып алу және сатудан басқа), өндірілмеген қаржылық емес активтермен, зияткерлік меншік объектілерімен, материалдық емес активтермен операциялар бойынша басқа да төлемдер
13. Қаржы құралдарымен операциялар	
13.1. қарыздар, капиталға қатысу құралдары, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары	
1311	қарыздар бойынша төлемдер (беру және тарту, өтеу және олар бойынша кіріс)
1312	туынды қаржы құралдары бойынша төлемдер және олар бойынша кіріс төлеу
1313	капиталға қатысу (жарғылық капиталды қалыптастыру, сатып алу, сату)
1314	дивидендтер (пайданы бөлу)
1315	борыштық бағалы қағаздар (шығару, сатып алу, сату, өтеу, олар бойынша кіріс)
13.2. брокерлік қызмет көрсету, портфельді инвестициялық басқару шарттарының шеңберінде (егер қаржы құралын анықтау мүмкіндігі болмаса)	
1321	брокермен, резидент-басқарушы компаниямен жасалған шарттар бойынша операциялар

1322	брокермен, басқарушы компаниямен, бейрезидент-инвестициялық банкпен жасалған шарттар бойынша операциялар
13.3. мүлікті сенімгерлік басқару, трасттар	
1331	резидент-сенімгерлік басқарушымен жасалған шарттар бойынша операциялар
1332	бейрезидент-сенімгерлік басқарушымен жасалған шарттар бойынша операциялар
13.4. бірлескен қызметке қатысушы міндеттемелерін орындау (1, 2-бөлімдерге енгізілген операцияларды қоспағанда)	
1341	Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен қызметті жүзеге асыру көзделетін шарттар бойынша операциялар
1342	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бірлескен қызметті жүзеге асыру көзделетін шарттар бойынша операциялар
13.5. өзге төлемдер	
1351	өзге төлемдер: ілеспе төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, комиссиялар), қате аударылған соманы қайтару және қаржы құралдарымен, электрондық ақшамен операциялар бойынша, брокерлік қызмет көрсету, портфельді инвестициялық басқару, сенімгерлік басқару, траст, бірлескен қызмет шарттары бойынша басқа да төлемдер
14. Меншікті шоттар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары және саудаға жатпайтын операциялар	
14.1. меншікті шоттар бойынша	
1411	басқа резидент-банктегі меншікті шотқа (меншікті шоттан) ақша аудару
1412	шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы меншікті шоттан (меншікті шотқа) ақша аудару
1413	резидент-банктегі шоттан қолма-қол шетел валютасын алу
1414	резидент-банктегі шотты толтыру үшін қолма-қол шетел валютасын енгізу
1415	1419-кодта көзделген операцияны қоспағанда, уәкілетті банктің клиенттен шетел валютасын сатып алуы, клиенттің тапсырмасы бойынша брокердің шетел валютасын ұлттық валютаға сатуы
1416	уәкілетті банктің клиентке шетел валютасын сатуы, клиенттің тапсырмасы бойынша брокердің шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алуы
1417	уәкілетті банктің клиенттен (клиентке) шетел валютасын сатып алуы (сатуы), клиенттің тапсырмасы бойынша брокердің шетел валютасын басқа шетел валютасына сатып алуы (сатуы)
1418	өзге валюталық құндылықтарды сатып алу/сату

1419	клиенттің бұрын сатып алған және белгіленген мерзімде пайдаланбаған шетел валютасын сатуы
14.2. үшінші тұлғалардың (мемлекеттік органдардың, басқа ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың) пайдасына төлемдер және (немесе) ақша аударымдары	
1421	өтеусіз ақша аударымдары, өтеусіз қаржылай көмек, мүшелік жарналар және үшінші тұлғалардың пайдасына басқа да төлемдер және (немесе) ақша аударымдары
1422	үшінші тұлғаның резидент-банктегі шотын толтыру үшін қолма-қол шетел валютасын енгізу
1423	төлем картасын пайдалана отырып жүргізілетін төлемдер (егер операция өзгеше жіктелмесе)
1424	баждар, салықтар, айыппұлдар, сот шешімдерін және басқаларды төлеу
1425	зейнетақы, жалақы, іссапар шығысын төлеу
1426	банктік шоттар бойынша сыйақы және комиссиялар
14.3. ілеспе төлемдер	
1431	өзге төлемдер: ілеспе төлемдер (айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, комиссиялар), қате аударылған соманы қайтару және 14.1, 14.2-бөлімдерге енгізілмеген басқа да операциялар
15. цифрлық активтермен операциялар	
1501	цифрлық активтерді сатып алу операциялары
1502	цифрлық активтерді сату операциялары
2. Банктік шоттарды пайдаланбай жүргізілетін операциялар	
21. Клиенттерден валюталық құндылықтарды (қолма-қол шетел валютасын қоспағанда) сатып алу	
2101	чектерді, вексельдерді және басқа төлем құжаттарын сатып алу
2102	аффинирленген алтыннан жасалған өлшеуіш құймаларды және басқа да валюталық құндылықтарды сатып алу
22. Клиенттерге валюталық құндылықтарды (қолма-қол шетел валютасын қоспағанда) сату	
2201	чектерді, вексельдерді және басқа төлем құжаттарын сату
2202	аффинирленген алтыннан өлшеуіш құймаларды және басқа да валюталық құндылықтарды сату
23. Шот ашпай жүргізілетін төлемдер және (немесе) ақша аударымдары	
2301	Қазақстан Республикасының аумағындағы төлем және (немесе) ақша аударымы
2302	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жіберілген немесе шетелден алынған төлем және (немесе) ақша аударымы
24. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы болып табылатын уәкілетті банктің меншікті шоттары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары	
24.1. меншікті шоттар бойынша	

2415	бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы болып табылатын уәкілетті банктің өз мақсаттары бойынша ұлттық валютаға шетел валютасын сатып алуы
2416	бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы болып табылатын уәкілетті банктің өз мақсаттары бойынша шетел валютасын ұлттық валютаға сатуы
2417	бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы болып табылатын уәкілетті банктің басқа шетел валютасына шетел валютасын сатып алуы (сатуы)

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ПР-9

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: _____ жылғы _____ ай

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: уәкілетті банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейін, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1. Валюталық шарттың деректемелері		
Валюталық шарттың нөмірі	Валюталық шарттың күні	Валюталық шарттың есептік нөмірі
1.1	1.2	1.3

кестенің жалғасы

2. Төлем құжаты бойынша ақша жөнелтуші				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
2.1	2.2	2.3	2.4	2.5

кестенің жалғасы

3. Төлем құжаты бойынша бенефициар				
------------------------------------	--	--	--	--

Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
3.1	3.2	3.3	3.4	3.5

кестенің жалғасы

4. Валюталық операция туралы ақпарат								
Күні	Валюталық операция референсі	Валюталық операция коды	Төлем белгілеу коды (ТБК)	Валюта бірлігіндегі сома	Төлем валютасының коды	Төлем белгісі	Ішкі корпоративтік ақша аударымының белгісі	Ақша шығаруға, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарының орындаудан жалтаруға байланысты операция түрі
4.1	4.2	4.3	4.4	4.5	4.6	4.7	4.8	4.9

кестенің жалғасы

5. Валюталық операция бойынша контрагенттің ұйымы (банк) туралы ақпарат				
Ұйымның (банктің) сәйкестендіру коды (БСК)	Атауы	Ел коды	Траншекаралық төлем белгісі	
5.1	5.2	5.3	5.4	

кестенің жалғасы

6. Валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
6.1	6.2	6.3	6.4	6.5

кестенің жалғасы

7. Валюталық шарт бойынша ақша алушы				
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	БСН, ЖСН	Ел коды	Резиденттік белгісі	Экономика секторының коды
7.1	7.2	7.3	7.4	7.5

кестенің жалғасы

8. Ескертпе				
-------------	--	--	--	--

Атауы _____ Мекенжайы _____
Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Жүргізілген валюталық валюталық операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Жүргізілген валюталық
валюталық операциялар туралы
есеп" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп (индексі – ПР-9, кезеңділігі – ай сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды уәкілетті банк ай сайын ұсынады және онда олар жүргізген валюталық операциялар туралы, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары жөніндегі ақпарат қамтылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

4. Нысанға есепті кезеңдегі "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары) айқындалатын шекті мәнге тең немесе одан асатын сомадағы валюталық операциялар жөнінде ақпарат енгізіледі.

5. Нысанда валюталық операциялар:

клиенттердің тапсырмалары бойынша (оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған) төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша – клиенттің уәкілетті банктегі банктік шотына ақша есептеу (клиенттің уәкілетті банктегі банктік шотынан ақшаны есептен шығару) күні;

уәкілетті банктің өз төлемдері және (немесе) ақша аударымдары бойынша – уәкілетті банктің корреспонденттік шотына ақша есептеу (уәкілетті банктің корреспонденттік шотынан ақшаны есептен шығару) күні;

басқа валюталық операциялар бойынша – операциялар жасау күні көрсетіледі.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жөніндегі ақпаратты уәкілетті банк резиденттен немесе бейрезиденттен осындай төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты алуына қарай түзетеді.

6. Нысанның 1, 6 және 7-бөліктері валюталық шарт негізінде валюталық операциялар жүзеге асырылған жағдайда толтырылады.

7. Нысанның 1-бөлігінде валюталық шарттың деректемелері көрсетіледі. 1.3-баған валюталық шартқа есептік нөмір берілген кезде толтырылады.

8. Нысанның 2 және 3-бөліктерінде төлем құжатына сәйкес ақша жөнелтуші мен бенефициар туралы ақпарат көрсетіледі.

2.3 және 3.3-бағандарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес ақша жөнелтушінің, бенефициардың тіркелген елінің (заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін) немесе тұрақты тұратын елінің (Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде жеке тұлға үшін) екі әріптік коды көрсетіледі. Уәкілетті банкте ақша жөнелтушінің немесе бенефициардың тіркелген елі немесе тұрақты тұратын елі туралы анық мәліметтер болмаған кезде көрсетілген бағандар төлем құжатының деректері негізге алына отырып толтырылады.

2.4, 2.5, 3.4 және 3.5-бағандар "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына (бұдан әрі – Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидалары) сәйкес толтырылады, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісіледі.

Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотына (шоттан) қолма-қол ақша салған (алған) жағдайларды қоспағанда, банктік шотқа (шоттан) қолма-қол ақша салынған (

алынған) кезде Нысанның 2 және 3-бөліктерінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады. Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотына қолма-қол ақша салған кезде Нысанның 2-бөлігінде ақша салатын тұлға туралы, Нысанның 3-бөлігінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады.

Үшінші тұлға жеке тұлғаның банктік шотынан қолма-қол ақшаны алған кезде Нысанның 2-бөлігінде шоттың иесі туралы ақпарат толтырылады, Нысанның 3-бөлігінде ақша алатын тұлға туралы ақпарат толтырылады.

Уәкілетті банктің шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа төлем құжаттарын немесе өзге валюталық құндылықтарды сатуы кезінде Нысанның 2-бөлігінде уәкілетті банк туралы, Нысанның 3-бөлігінде сатып алушы туралы ақпарат көрсетіледі.

Уәкілетті банктің шетел валютасын, чектерді, вексельдерді, басқа төлем құжаттарын немесе өзге валюталық құндылықтарды сатып алуы кезінде Нысанның 2-бөлігінде сатушы туралы ақпарат, Нысанның 3-бөлігінде уәкілетті банк туралы ақпарат көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бөлігінде валюталық операция туралы ақпарат көрсетіледі.

4.1-бағанда валюталық операция күні есепті кезеңге сәйкес келуі тиіс.

4.2-бағанда валюталық операцияның мынадай төрт бөліктен тұратын референсі көрсетіледі:

1) бірінші бөлікте "Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 128 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21593 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және

жүргізу туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – № 128 нұсқаулық) сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін уәкілетті банктің үш таңбалы коды көрсетіледі ;

2) екінші бөлікте № 128 нұсқаулыққа сәйкес уәкілетті банк филиалының үш цифрдан тұратын коды көрсетіледі;

3) үшінші бөлікте есепте валюталық операцияның реттік нөмірі көрсетіледі;

4) төртінші бөлікте есепті күн "ККААЖЖЖЖ" форматында көрсетіледі.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар үшін референстің бірінші және екінші бөліктеріне арналған кодтар "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелері ретінде бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға "Қазақстан қор биржасы" АҚ берген кодтарға сәйкес қойылады.

Әрбір валюталық операцияның референсі бірегей болуы тиіс.

4.3-баған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес толтырылады.

4.4-баған Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады.

4.5-бағанда сома валюта бірлігімен көрсетіледі және математикалық дөңгелектеу арқылы бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді.

4.6-бағанда "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес валютаның үш таңбалы әріптік коды көрсетіледі.

4.7-бағанда "01" – жөнелтілген төлемдер немесе ақша аударымдары, уәкілетті банктің қолма-қол шетел валютасын алуы немесе шетел валютасын сатуы бойынша операциялар, чектер, вексельдер, басқа төлем құжаттары немесе өзге валюталық құндылықтар үшін, "02" – кіріс төлемдер немесе ақша аударымдары, уәкілетті банктің қолма-қол шетел валютасын есептеуі немесе шетел валютасын сатып алуы бойынша операциялар, чектер, вексельдер, басқа төлем құжаттары немесе өзге валюталық құндылықтар үшін көрсетіледі.

4.8-бағанда егер төлем және (немесе) ақша аударымы заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшелері немесе бір заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері арасында жүзеге асырылса "1" белгісі, қалған жағдайларда "0" белгісі көрсетіледі.

4.9-баған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларының 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес мынадай түрде толтырылады:

"1.1" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, бейрезиденттің резидентке (уәкілетті банкті қоспағанда) ақша ұсынуы көзделетін қаржылай қарыз;

"1.2" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттен алынуы тиіс ақшаны резиденттің уәкілетті банктердегі банктік шоттарына аудару көзделмесе, резидентте (уәкілетті банкті қоспағанда) бейрезидентке ақшаны қайтару бойынша талаптардың туындауы көзделетін қаржылай қарыз;

"1.3" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) бейрезиденттің экспортқа ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап жеті жүз жиырма күннен асатыны көзделсе, экспорт бойынша операциялар;

"1.4" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) аванстық төлемді немесе толық көлемде алдын ала төлем сомасын қоса алғанда (бейрезидент импорт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда), бейрезиденттің тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) бойынша немесе ақшаны қайтару бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі резидент міндеттемелерді орындаған күннен бастап жеті жүз жиырма күннен асатыны көзделсе, импорт бойынша операциялар;

"1.5" – резиденттің клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына бейрезидент-кәсіби қатысушыға баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;

"1.6" – резиденттің шетелдегі өз шотына баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ақша аударымы;

"1.7" – резиденттің бейрезиденттің пайдасына баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға жүзеге асыратын өтеусіз ақша аударымы;

"2.1" – бір бейрезидентпен жасалған екі немесе одан да көп валюталық шарт бойынша осындай валюталық шарттарға есептік нөмір берілуі тиіс шекті мәннен асатын жалпы сомаға бір тұлғаның күнтізбелік бір ай ішіндегі төлемдері және (немесе) ақша аударымдары;

"2.2" – егер ұлттық валютадағы ақшаның шығу көзі бейрезиденттің резидентке тауарларды сатудан (жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден), өзге де қаржы активтерін ұлттық валютаға сатудан, Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметтен ұлттық валютада дивидендтер алудан, мемлекеттік кірістер органдарының бұрын бейрезидент төлеген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және ұлттық валютаның өзге де экономикалық негізделген шығу көздерін қайтарудан түскен ақшаны алуына байланысты болмаса, бейрезиденттің баламасында елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға ұлттық валюта үшін қолма-қол ақшасыз шетел валютасын бір уәкілетті банктен бір жұмыс күні ішінде сатып алу операциялары;

"3.1" – егер тиісті валюталық шарттың талаптарында (бастапқыда не валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін) қаржылай қарыз нысанын пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу көзделмесе, резиденттің үлестес тұлға болып табылмайтын бейрезидентке ақша беруі көзделетін қаржылай қарыз;

"0" – қалған жағдайларда.

10. Нысанның 5-бөлігінде алынған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін валюталық операциялар бойынша контрагент ұйымы (банкі) – ақша жөнелтуші ұйым (банкі), жөнелтілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары үшін бенефициар ұйымы (банкі) туралы ақпарат көрсетіледі. Банкішілік валюталық операциялар бойынша есеп беретін уәкілетті банк туралы ақпарат көрсетіледі. Олардың негізінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүргізілетін құжаттарда ақша жөнелтуші ұйым (банк) туралы ақпарат болмаған кезде Нысанның 5-бөлігі толтырылмайды.

5.3-бағанда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес ақша жөнелтушінің ұйымы (банкі) немесе бенефициары елінің екі әріптік коды көрсетіледі. Банкішілік валюталық операциялар үшін "KZ" коды көрсетіледі.

5.4-бағанда "1" мынадай жағдайларда:

1) егер төлем және (немесе) ақша аударымы жасалған ел (төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген бастапқы ақша жөнелтушінің банктік шоты ашылған ел) Қазақстан Республикасынан өзгеше болса;

2) егер төлем және (немесе) ақша аударымы жіберілген ел (ақша есептелген түпкілікті бенефициардың банктік шоты ашылған ел) Қазақстан Республикасынан өзгеше болса көрсетіледі.

Өзге жағдайларда "2" көрсетіледі.

11. Нысанның 6 және 7-бөліктерінде валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші немесе ақша алушы туралы мәліметтер көрсетіледі. Егер валюталық шарт бойынша ақша жөнелтуші (алушы) төлем құжаты бойынша ақша жөнелтушімен (бенефициармен) сәйкес келетін болса, онда Нысанның 6 (7)-бөлігінде Нысанның 2 (3)-бөлігіне ұқсас ақпарат толтырылады.

6.3 және 7.3-бағандарда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес валюталық шарт бойынша ақша жөнелтушінің немесе алушының тіркелген елінің (заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) үшін) немесе тұрақты тұратын елінің (Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген азаматтығы немесе құқығы негізінде жеке тұлға үшін) екі әріптік коды көрсетіледі. Уәкілетті

банкте ақша жөнелтушінің немесе бенефициардың тіркелген елі немесе тұрақты тұратын елі туралы анық мәліметтер болмаған кезде көрсетілген бағандар төлем құжатының деректері негізге алына отырып толтырылады.

6.4, 6.5, 7.4 және 7.5-бағандар Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісіледі.

12. Нысанның 8-бөлігінде Нысанның 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-бөліктеріне енгізілмеген қосымша ақпарат: валюталық заңнама бойынша инвестициялау объектісі, бағалы қағаздар эмитенті, жылжымайтын мүлік объектісінің елі туралы ақпарат, ерекше төлем талаптары, жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шотына ақша есептеу күні көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бөлігінде нақтылайтын ақпараттың болмауы бұзушылық болып табылмайды. Нысанға белгіленген шекті мәннен аз сомадағы валюталық операцияларды енгізу бұзушылық болып табылмайды.

14. Есепті кезең үшін ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

15. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырма) (қоса алғанда) дейін енгізіледі.

16. Нысанға клиенттердің тапсырмасы бойынша мынадай валюталық операциялар:

1) "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушылардың валюталық операциялары;

2) айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шетел валютасын сатып алу (сату);

3) клиенттің өз шоттары бойынша бір уәкілетті банктің ішіндегі аударымдары (ішкі корпоративтік аударымдарды қоса алғанда);

4) бейрезиденттің уәкілетті банктегі өз шотынан (өз шотына) қолма-қол теңгені алуы (есепке жатқызуы);

5) есеп беретін уәкілетті банктен кредит алуға байланысты операциялар (пайыздар мен комиссияларды беру, өтеу, төлеу);

6) заңды тұлғаның жалақы жобасы бойынша жалақы төлеуі (резиденттер мен бейрезиденттердің клиенттері үшін);

7) басқа банктер клиенттерінің тапсырмасы бойынша "Лоро" шоттары бойынша операциялар;

8) жеке тұлғалардың төлем карталарын пайдалана отырып, баламасы елу мың АҚШ долларынан аз сомаға жасаған операциялары;

9) банктік шот ашпай және пайдаланбай жасалатын операциялар;

10) есеп беретін уәкілетті банк клиенттерінің депозиттері (есеп беретін уәкілетті банкте шот ашу, жабу және шотқа сыйақы төлеу);

11) уәкілетті банктер болып табылатын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар болып табылатын уәкілетті банктер клиенттерінің шетел валютасын қолма-қол ақшасыз сатып алуы және (немесе) сатуы енгізілмейді.

17. Нысанға уәкілетті банктің мынадай меншікті валюталық операциялары:

- 1) ішкі корпоративтік аударымдарды қоса алғанда, уәкілетті банктің меншікті шоттары бойынша төлемдер мен аударымдар;
- 2) есеп беретін уәкілетті банктің кредиттер беруіне/алуына байланысты операциялар (пайыздар мен комиссияларды беру, өтеу, алу);
- 3) шетел валютасымен биржадан тыс мәмілелер (уәкілетті банктер болып табылатын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар жүзеге асыратын мәмілелерден басқа);
- 4) есеп беретін уәкілетті банктің овернайттарын қоса алғанда, банкаралық кредиттермен және депозиттермен байланысты операциялар;
- 5) туынды қаржы құралдарымен және борыштық бағалы қағаздармен операциялар (борыштық бағалы қағаздар эмитенттерінің операцияларынан басқа);
- 6) төлем жүйелері, ақша аударымдары жүйелері шеңберіндегі есеп айырысу бойынша неттинг;
- 7) кастодиандық қызмет көрсету шеңберіндегі операциялар;
- 8) транзиттік шоттар бойынша операциялар;
- 9) қолма-қол шетел валютасымен операциялар (әкелу, әкету, есепке жатқызу немесе шоттардан алу);
- 10) уәкілетті банктер болып табылатын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, оның ішінде клиенттердің тапсырыстарын орындау үшін жасаған төлемдері және (немесе) ақша аударымдары енгізілмейді.

Валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
кейбір қаулыларының тізбесіне
8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 10 сәуірдегі
№ 64 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы ереже) 19-тармағының

екінші бөлігі екінші абзацының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеуді жүзеге асыру тәртібі айқындалады.

2. Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Цифрлық Кодексінде және "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) көрсетілген мағынасында қолданылады.

Қағидалардың мақсаты үшін мынадай ұғымдар да пайдаланылады:

1) бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары – базалық активі бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының және (немесе) эмитент елінің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар болып танылатын қаржы құралдары;

2) есептік нөмірлердің тізілімі – олардың негізінде және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысының операциялары және оларға теңестірілген операциялар жүргізілетін валюталық шарттарға (бұдан әрі – капитал қозғалысы жөніндегі валюталық шарттар) және шетелдік банктердегі, халықаралық қаржы ұйымдарындағы шоттарға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) берген қолданыстағы есептік нөмірлердің, сондай-ақ тіркеу куәліктерінің, хабарлау туралы куәліктердің қолданыстағы нөмірлерінің тізбесі;

3) инвестициялау объектісі – акциялары, қатысу үлесі, пайлары сатып алынатын (сатып алынған) заңды тұлға, инвестициялық пай қоры, сондай-ақ мүлкіне мүліктік жарналар енгізілетін (енгізілген) заңды тұлға, жай серіктестік, консорциум. Депозитарлық қолхаттармен операциялар жүргізілген жағдайда олардың базалық активі болып табылатын бағалы қағаз эмитенті инвестициялау объектісі болып табылады;

4) инвестор – инвестициялау объектісіне меншік құқығы өтетін (өткен) жеке немесе заңды тұлға;

5) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт – олардың негізінде және (немесе) орындалуы үшін капитал қозғалысы операциялары мен оларға теңестірілген операциялар жүзеге асырылатын келісімдер, құрылтай құжаттары, оларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар, сондай-ақ өзге де құжаттар;

6) меншікті операциялар – валюталық шарт тарапы болып табылатын резиденттің өз атынан жүзеге асыратын операциясы;

7) резидент-эмитенттердің бағалы қағаздары – базалық активі резидент-эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар болып танылатын қаржы құралдары;

8) тіркеу куәлігі – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін валюталық шартты тіркеу кезінде Ұлттық Банк берген және күші жойылмаған құжат;

9) хабарлама туралы куәлік – Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі шотқа Ұлттық Банк берген және күші жойылмаған құжат.

3. Капитал қозғалысы және оларға теңестірілген операциялар бойынша валюталық шарттарға, резиденттердің шетелдік банктердегі, халықаралық қаржы ұйымдарындағы шоттарына есептік нөмірлер беру Ұлттық Банк тарапынан қандай да бір міндеттемелерсіз жүзеге асырылады. Есептік нөмірдің болуы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жауаптылықтан босатуға негіз бола алмайды.

4. Қағидалардың 15-тармағы бірінші бөлігінің 9) тармақшасында және 22-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген мән-жайлардың туындағанын растайтын құжат сот шешімі не шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органының жеке тұлға-бейрезиденттің қайтыс болуын тіркеу, қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану, сондай-ақ бейрезидент заңды тұлғаны тарату туралы құжаты болып табылады. Егер бұл құжаттар шет тілінде жасалған болса, онда олардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасы қоса ұсынылады.

5. Егер Қағидаларда белгіленген мәліметтерді, есептерді және (немесе) өзге де құжаттарды ұсыну мерзімі жұмыс істемейтін күнге сәйкес келсе, онда тиісті мерзім келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

6. Қағидаларда өзгеше көзделмесе, заңды тұлғаларға қатысты (банктерді, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын бейрезидент банктердің филиалдарын қоспағанда) белгіленген Қағидалардың ережелері олардың филиалдары мен өкілдіктеріне де қолданылады.

7. Есептік нөмірлердің тізілімі Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

2-тарау. Валюталық операцияларды мониторингтеу тәртібі

1-параграф. Капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттарға есептік нөмірлер беру

8. Капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа есептік нөмір беріледі, және оның аясында:

1) баламасы 500 000 (бес жүз мың) Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларынан асатын сомада (сыйақы, комиссия, айыппұл және өзге де төлемдерді есептемегенде) Қазақстан Республикасына мүліктің (ақшаның) түсуі және (немесе) резиденттің бейрезидентке мүлікті (ақшаны) қайтару міндеттемесінің туындауы;

2) баламасы 500 000 (бес жүз мың) АҚШ долларынан асатын сомада (сыйақы, комиссия, айыппұл және өзге де төлемдерді есептемегенде) Қазақстан Республикасынан мүлікті беру (ақша аудару) және (немесе) резиденттің бейрезидентке мүлікті (ақшаны) қайтаруы жөнінде талаптардың туындауы көзделеді.

9. Егер капитал қозғалысы бойынша валюталық шартта оған қол қойылған күні (ондай күн болмаған жағдайда – күшіне енген күні) шарттың сомасы көрсетілмеген болса, мұндай валюталық шарт есептік нөмір берілетін шарт ретінде қарастырылады.

Шарттың сомасы АҚШ долларынан өзге валютада көрсетілген және АҚШ долларына айырбастау бағамы көрсетілмеген капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа есептік нөмір беруді айқындау мақсаты үшін АҚШ долларында валюталық шарт сомасының баламасын есептеу валюталық шартқа қол қойылған күні (ондай күн болмаған жағдайда – валюталық шарт күшіне енген күні) валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа оның сомасын ұлғайтатын өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, новация шартын жасау арқылы валюталық операция сомасы ұлғайтылған кезде, шарт сомасының ұлғаюының АҚШ долларындағы баламасы қосымша келісімге, новация шартына қол қойылған күні (ондай күн болмаған жағдайда – қосымша келісім, новация шарты күшіне енген күні) нарықтық айырбастау бағамы бойынша есептеледі.

Сомасы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген шекті мәннен аспайтын капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт бойынша, шартқа тиісті өзгерістер енгізілмей шарт сомасы нақты ұлғайтылған жағдайда, валюталық шарт бойынша нақты орындалған міндеттемелер сомасының АҚШ долларындағы баламасын есептеу тиісті операциялар жасалған күні валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Талапты басқаға беру немесе борышты ауыстыру нәтижесінде резиденттің бейрезидентке талап ету құқығын немесе бейрезидент алдындағы борышты қабылдауы кезінде валюталық шарттың сомасы ретінде сыйақыны, комиссияны, айыппұлды және өзге де төлемдерді қоса алғанда, берілетін (қабылданатын) талап немесе борыш сомасы танылады.

10. Капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың резидент-қатысушысы есептік нөмір алу үшін өзінің тұрақты тұратын жері (жеке тұлға үшін) немесе орналасқан жері (заңды тұлға үшін) бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын резидент жеке тұлға есептік нөмір алу үшін тіркелген (тұрғылықты) жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

11. Резидент-қатысушы капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт бойынша міндеттемелерді тараптардың кез келгені орындай бастағанға дейін есептік нөмір алуға

өтініш жасайды. Егер міндеттемелерді орындауды бірінші болып бейрезидент-қатысушы бастаса және бұл орындау мүлікті резиденттің пайдасына берумен (ақша түсуімен) байланысты болса, онда капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың резидент-қатысушысы мүлікті (ақшаны) алғанға дейін осындай валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Сомасы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген шекті мәннен аспайтын валюталық шарт бойынша, тараптардың бірінің міндеттемелерді орындауы шарт сомасының нақты түрде шекті мәннен асып кетуіне әкеп соғатын болса, резидент-қатысушы осындай орындау басталғанға дейін есептік нөмір алуға өтініш жасайды.

Талапты басқаға беру, борышты ауыстыру, өтеусіз беру, мұрагерлік, кепілдік жағдайдың басталуы немесе сот шешімі нәтижесінде резидент бейрезиденттен талап ету құқығын немесе борышты қабылдаған жағдайда, ол мұндай талаптың (борыштың) туындаған күнінен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, бірақ міндеттемелерді орындау басталғанға дейін есептік нөмір алуға өтініш жасайды.

Резидентке шетелдегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығы (жеке тұлға-резиденттерді қоспағанда) немесе бейрезидент заңды тұлғаның капиталындағы үлес резиденттен сатып алу, өтеусіз беру, мұрагерлік немесе сот шешімі нәтижесінде ауысқан жағдайда, резидент меншік құқығы ауысқан күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, бірақ оны иеліктен шығарғанға дейін есептік нөмір алуға өтініш жасайды.

Резидент (экспорттаушы немесе импорттаушы) мен бейрезидент арасында болған бастапқы міндеттемені міндеттемені орындаудың өзге нысанасын немесе тәсілін көздейтін және капитал қозғалысының операцияларына жататын сол тұлғалар арасындағы басқа міндеттемемен ауыстырған кезде резидент ауыстырған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, бірақ оның кез келген тарапының міндеттемелерін орындау басталғанға дейін капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш жасайды.

Қағидалардың 14-тармағында көзделген негіздер бойынша жаңа есептік нөмір алу қажет болған жағдайда, резидент-қатысушы көрсетілген өзгерістер басталған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей өтініш жасайды.

12. Капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа есептік нөмір алу үшін резидент-қатысушы Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш;

2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжаттың көшірмесін (шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар үшін);

3) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың және оған енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмелерін ұсынады. Егер капитал

қозғалысы бойынша валюталық шарт шет тілінде жасалса, онда оның қазақ немесе орыс тіліне аудармасы ұсынылады.

Егер капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт бойынша міндеттемелер осындай валюталық шартқа есептік нөмір беруге өтініш бергенге дейін орындалған болса, резидент-қатысушы Ұлттық Банктің аумақтық филиалына міндеттемелердің туындағанын, орындалғанын және тоқтатылғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Қағидалардың 14-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмір беру үшін Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында және екінші бөлігінде көрсетілген құжаттар ұсынылады, егер олар Ұлттық Банкке соңғы ұсынылғаннан кейін өзгермеген болса, қайта ұсынылмайды.

13. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы резидент Қағидалардың 12-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді толық көлемде ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа есептік нөмір береді және есептік нөмірлердің тізіліміне енгізіледі.

Есептік нөмір және оның берілген күні капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың көшірмесінің бірінші бетінде көрсетіледі және Ұлттық Банктің аумақтық филиалының уәкілетті қызметкерінің қолымен және мөрімен расталады.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы капитал қозғалысы операциясын және оған теңестірілген операцияны жіктейді және есептік нөмір берілген капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың резидент-қатысушысына осы Қағидалардың 23 және 24-тармақтарына сәйкес есепті ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды.

14. Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа жаңа есептік нөмір беру мына мәліметтер өзгерген кезде талап етіледі:

1) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың валютасы;

2) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың қатысушылары, егер мұндай өзгеріс капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың резидент-қатысушысының талаптары немесе міндеттемелері бойынша тұлғалардың ауысуына әкеп соқса;

3) валюталық шарттың нысаны, егер мұндай өзгеріс капитал қозғалысы операцияларын, оларға теңестірілген операцияларды қайта жіктеуге және (немесе) есеп нысанының өзгеруіне әкеп соқса;

4) валюталық шартқа қатысушы бейрезиденттердің сәйкестендіру деректері (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрақты тұратын елі, оның ішінде азаматтығы немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құқығы негізінде, заңды тұлғаның, заңды тұлғаның филиалының (өкілдігінің) атауы, тіркелген елі);

5) заңды тұлға болып табылатын, валюталық шарттың резидент-қатысушысының сәйкестендіру деректері, оның бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы нәтижесінде өзгерген жағдайда.

Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа төмендегі мәліметтер өзгерген кезде жаңа есептік нөмір беру талап етілмейді:

1) банк-агент сақталған жағдайда, резидент тартатын синдикатталған қарыз шарттарындағы кредиторлар өзгерген кезде;

2) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың резидент-қатысушысының сәйкестендіру деректері: заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өзгерген кезде. Бұл ретте резидент сәйкестендіру деректерінің өзгергені туралы өзінің тұрақты тұратын немесе тіркелген жері (жеке тұлға үшін) не орналасқан жері (заңды тұлға үшін) бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына хабарлайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтердің өзгеруін көздемейтін капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың жаңа редакцияда баяндалуы жаңа есептік нөмір беруді талап етпейді.

15. Капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа берілген есептік нөмір мынадай жағдайларда:

1) Қағидалардың 14-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмір берілген кезде;

2) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың талаптары немесе өзге де мәліметтері өзгеріп, соның нәтижесінде валюталық шарттың сомасы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген шекті мәннен төмен белгіленген немесе Қағидалардың 16-тармағына сәйкес валюталық шартқа есептік нөмір берілмейтін кезде;

3) есептік нөмір берілген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін валюталық шарт бойынша тараптар міндеттемелерді орындалмаған және (немесе) қолданылу мерзімі немесе міндеттемелерді орындау мерзімі аяқталған валюталық шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда;

4) тараптар арасындағы міндеттемелер толық тоқтатылған және (немесе) нақты алынған (берілген) қаражат бойынша міндеттемелер толық орындалып, одан кейінгі үш жыл ішінде валюталық шарт бойынша операциялар болмаған жағдайда;

5) активке иелік ету аяқталған кезде;

6) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт тарапының резиденттігі өзгеріп, соның салдарынан шарт бойынша операциялар капитал қозғалысы операциялары болып табылмайтын жағдайда;

7) Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлері тізіліміне резидент заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер енгізілген кезде;

8) резидент жеке тұлға қайтыс болған, қайтыс болды деп жарияланған, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған және құқықтық мирасқор болмаған жағдайда;

9) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың тарапы болып табылатын бейрезидент жеке тұлға қайтыс болған, қайтыс болды деп жарияланған, әрекетке

қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, сондай-ақ бейрезидент заңды тұлға таратылған жағдайда;

10) капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт жеке есепке алынған күннен бастап үш жыл өткен соң валюталық шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Ұлттық Банктің аумақтық филиалында есептік нөмірлер тізілімінен алып тасталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы резидент инвестициялау объектісі болып табылатын, инвестициялау объектісінің капиталына қатысатын немесе есептік нөмір берілген капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт шеңберінде шетелдегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығын алған жағдайларға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 5), 6) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент есептік нөмірді есептік нөмірлер тізілімінен алып тастау үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4), 5), 6) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент өтінішпен бірге өтініште көрсетілген мән-жайлардың басталғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Есептік нөмір берілген капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт резиденттің тұрақты тұратын, тіркелген немесе орналасқан жері болмаған жағдайда, Ұлттық Банктің аумақтық филиалында жеке есепке алынады. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп резиденттің орналасқан жерін анықтау жөніндегі жұмысты жыл сайын жүргізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті резидент көрсетілген жағдайлар басталған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей ұсынады.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың есептік нөмірін резидент Қағидалардың осы тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді толық көлемде ұсынғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде есептік нөмірлер тізілімінен алып тастайды.

16. Мынадай капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттарға есептік нөмір берілмейді:

1) қатысушылары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және (немесе) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болып табылатын капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттар;

2) "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушысы (қатысушылары) жалғыз резидент-қатысушысы (жалғыз резидент-қатысушылары) болып табылатын капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттар;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарыздары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздар туралы келісімдер.

Капитал қозғалысының мынадай операциялары және оларға теңестірілген операциялар көзделген валюталық шарттарға есептік нөмір берілмейді:

1) Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерімен, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік ұйымдардың филиалдарымен (өкілдіктерімен) жүргізілетін операциялар;

2) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, басқарушы компаниялардың, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары мен бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарының өз капитал қозғалысы операциялары;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялауға байланысты операциялар;

4) мыналарды орналастыру, өтеу, сатып алу, сату:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес және оның аумағында шығарылған резидент эмитенттің бағалы қағаздары (оның ішінде базалық активі резидент эмитенттің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттар);

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бейрезидент эмитенттің бағалы қағаздары (оның ішінде қазақстандық депозитарлық қолхаттар);

5) қайталама нарықта сатып алу:

резиденттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған резидент эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын бейрезиденттен сатып алуы;

бейрезиденттің басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес және оның аумағында шығарылған бейрезидент эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын резиденттен сатып алуы;

6) резидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету шарты немесе резидент инвестициялық портфельді басқарушымен жасалған инвестициялық портфельді басқару шарты негізінде жүзеге асырылатын резиденттердің операциялары;

7) зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижесіне толық айрықша құқықты сатып алу;

8) резидент жеке тұлғалардың операциялары:

бейрезидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету шарты негізінде жүзеге асырылатын;

бейрезидент инвестициялық портфельді басқарушымен жасалған инвестициялық портфельді басқару шарты негізінде жүзеге асырылатын;

жылжымайтын мүлікке меншік құқығын беруге байланысты;

ақшаны, өзге де валюталық құндылықтарды және жылжымайтын мүлікті өтеусіз беруге байланысты;

9) резидент заңды тұлғалардың қызметкерлері үшін бейрезидент эмитенттердің бағалы қағаздарына арналған опциондық бағдарламалар шеңберіндегі резиденттердің операциялары;

10) егер экспорт немесе импорт бойынша валюталық шарт осындай талаптың немесе міндеттеменің негізі болып табылса, талап ету құқығын басқаға беру, борышты, цессияны аудару жөніндегі операциялар.

Есептік нөмір:

1) егер өтеусіз беру нәтижесінде бұрын есептік нөмір берілген капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт шеңберінде валюталық құндылықтарға немесе шетелдегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығы бойынша міндеттемелердің орындалуы, тоқтатылуы немесе иеліктен шығарылуы жүзеге асырылса, резиденттің бейрезидентке (бейрезиденттің резидентке) ақшаны, өзге де валюталық құндылықтарды немесе шетелдегі жылжымайтын мүлікке меншік құқығын өтеусіз беру туралы шартқа;

2) егер бұрын резиденттің бейрезидент инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы (акцияларды, қатысу үлестерін сатып алуы) немесе шетелдегі жылжымайтын мүлікті меншікке алуы бойынша капитал қозғалысы туралы валюталық шартқа есептік нөмір берілген болса, резиденттің бейрезидентке инвестициялау объектісі-бейрезиденттің акцияларын, капиталына қатысу үлестерін немесе шетелдегі жылжымайтын мүлікті сату шартына;

3) егер бұрын бейрезиденттің резидент инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы бойынша капитал қозғалысы туралы валюталық шартқа есептік нөмір берілген болса, резидент инвестициялау объектісінің бейрезиденттен өз акцияларын, капиталына қатысу үлестерін сатып алу шартына;

4) кепіл мүлкіне – бағалы қағаздарға, капиталға қатысу құралдарына, жылжымайтын мүлікке қатысты сауда-саттыққа қатысу үшін төленетін аванстарға берілмейді.

2-параграф. Резидент заңды тұлғалардың шетелдік банктердегі, халықаралық қаржы ұйымдарындағы шоттарына есептік нөмірлер беру

17. Жеке тұлға, банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік ұйымның филиалы (өкілдігі) және "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушысы ашқан шоттарды қоспағанда, шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы банктік, аллокацияланбаған металл шоттарына есептік нөмірлер беріледі.

18. Шетелдік банкте, халықаралық қаржы ұйымында өзі немесе оның филиалы (өкілдігі) ашқан шотқа есептік нөмір алу үшін резидент заңды тұлға осындай шотты

пайдалана отырып, операцияларды жүзеге асыру басталғанға дейін өзінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

19. Шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа есептік нөмір беру үшін резидент заңды тұлға Ұлттық Банктің аумақтық филиалына мынадай құжаттарды:

1) Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті;

2) шетелдік банктің, халықаралық қаржы ұйымының шот ашылғаны туралы, шоттың деректемелері көрсетілген құжатының көшірмесін ұсынады. Құжат шет тілінде жасалған жағдайда, оның қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылады.

Қағидалардың 21-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмір беру үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген құжаттар, егер олар Ұлттық Банкке соңғы рет ұсынылған кезден бастап өзгермеген болса, қайта ұсынылмайды.

20. Шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа есептік нөмір резидент заңды тұлға Қағидалардың 19-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді толық көлемде ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалымен беріледі және есептік нөмірлер тізіліміне енгізіледі.

Есептік нөмір және оның берілген күні шетелдік банктің, халықаралық қаржы ұйымының шот ашылғаны туралы құжатының бірінші бетінде уәкілетті қызметкердің қолымен және Ұлттық Банктің аумақтық филиалының мөрімен куәландырылады.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы есептік нөмір берілген шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот бойынша Қағидалардың 23 және 25-тармақтарына сәйкес есепті ұсыну қажеттілігі туралы резидент заңды тұлғаны хабардар етеді.

21. Есептік нөмір берілген шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа мына мәліметтер өзгерген кезде жаңа есептік нөмір беру талап етіледі:

1) шетелдік банктің, халықаралық қаржы ұйымының атауы;

2) резидент-заңды тұлғаның бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы нәтижесінде оның сәйкестендіру деректері өзгерген жағдайда.

22. Шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа берілген есептік нөмір мынадай жағдайларда:

1) Қағидалардың 21-тармағында көзделген жағдайларда жаңа есептік нөмір берілген кезде;

2) шот жабылған кезде;

3) Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлері тізіліміне резидент заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылғаны туралы жазба енгізілген кезде;

4) шетелдік банк, халықаралық қаржы ұйымы таратылған кезде;

5) шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот жеке есепке алынған күннен бастап үш жыл өткен соң және ол бойынша ақша қозғалысы болмаған жағдайда

, Ұлттық Банктің аумақтық филиалында есептік нөмірлер тізілімінен алып тасталынады

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент-заңды тұлға шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа берілген есептік нөмірді есептік нөмірлер тізілімінен алып тастау үшін көрсетілген жағдайлар басталған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда резидент-заңды тұлға өтінішпен бірге өтініште көрсетілген мән-жайлардың басталғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Есептік нөмір берілген шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот резидент-заңды тұлғаның тұрақты орналасқан жері болмаған жағдайда, Ұлттық Банктің аумақтық филиалында жеке есепке алынады. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп резидент заңды тұлғаның орналасқан жерін анықтау жөніндегі жұмысты жыл сайын жүргізеді.

Шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа берілген есептік нөмірді резидент-заңды тұлға осы тармақта көзделген құжаттар мен мәліметтерді толық көлемде ұсынғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалы есептік нөмірлер тізілімінен алып тастайды.

3-параграф. Капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттар және шетелдік банктердегі, халықаралық қаржы ұйымдарындағы шоттар бойынша ақша қозғалысын және міндеттемелердің өзге де орындалуын мониторингтеу

23. Резидент есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ына (оны қоса алғанда) дейін тоқсан сайын жеке тұлға үшін – тұрақты тұратын жері бойынша, заңды тұлға үшін – орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидалардың 24 және 25-тармақтарына сәйкес нысандар бойынша есептерді ұсынады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын резидент жеке тұлға көрсетілген есептерді тіркелген жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ұсынады.

Есептерді ұсыну есептік нөмір берілген күнді қамтитын кезең үшін есептен басталады және капитал қозғалысына байланысты валюталық шарт немесе шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот есептік нөмірлер тізілімінен алып тасталған кезең үшін есеппен аяқталады.

24. Есептік нөмір берілген капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттың резидент-қатысушысы мынадай есептерді ұсынады:

1) қаржылық қарыздар бойынша – Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржылық қарызды игеру және оған қызмет көрсету туралы есеп;

2) резиденттің бейрезидент инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы, резиденттің бейрезиденттің акцияларын, жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін

сатып алуы бойынша – Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп;

3) бейрезиденттің резидент инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы, резиденттің бейрезиденттен резиденттің акцияларын, жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сатып алуы (немесе резиденттің бейрезидентке сатуы) бойынша – Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп;

4) бағалы қағаздармен (капиталға қатысуды қоспағанда), туынды қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша – Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

5) жылжымайтын мүлікке меншік құқығын алуымен, азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді дараландыру құралдарына толық айрықша құқықты алумен, бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау үшін ақша мен өзге де мүлікті берумен, сенімгерлік басқару, трастпен байланысты операциялар бойынша – Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

6) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына клиенттердің тапсырмасы бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыру үшін клиенттерге тиесілі ақша және (немесе) қаржы құралдарын есепке алу және сақтау шоттарына ақша мен қаржы құралдарын беруімен байланысты операциялар бойынша – Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

7) ақшаны, өзге де валюталық құндылықтарды және жылжымайтын мүлікті өтеусіз беру бойынша – Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп.

25. Есептік нөмір берілген шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот бойынша резидент-заңды тұлға мынадай есептерді ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан оның филиалы (өкілдігі) ашқан шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот бойынша – Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілмеген жағдайларда – Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шоттағы ақша қозғалысы туралы есеп.

26. Қағидалардың 23-тармағына сәйкес есеп ұсынған резидент Ұлттық Банктің сұратуы бойынша сұратуда көрсетілген мерзімдерде:

1) капитал қозғалысына байланысты валюталық шарт бойынша міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын құжаттардың көшірмелерін;

2) қаржылық қарыздар бойынша қаражатты игеру және берешекті өтеу жөніндегі болжамдық деректер туралы ақпаратты;

3) капиталға қатысу бойынша инвестициялау объектісінің қаржылық есептілігін;

4) шетелдік банктің, халықаралық қаржы ұйымының жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, сондай-ақ шоттағы ақша сомасы туралы үзінді көшірмесін ұсынады.

27. Капитал қозғалысына байланысты валюталық шарт немесе есептік нөмірі бар шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот бойынша резидент мына жағдайлар басталған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жазбаша түрде хабарлайды:

1) капитал қозғалысына байланысты валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген, өзге валюталық шарт жасалған немесе оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген, капитал қозғалысы операциясын және оларға теңестірілген операцияны жүзеге асыруға қатысты құжаттарға қол қойылған немесе олар күшіне енген күннен бастап – жеке тұлға үшін тұрақты тұратын жері немесе тіркелген жері бойынша, заңды тұлға үшін орналасқан жері бойынша, осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы тиісті құжаттардың көшірмелерін қоса отырып;

2) капитал қозғалысына байланысты валюталық шартқа қатысушы резиденттердің және (немесе) қатысушы бейрезиденттердің сәйкестендіру деректері (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрақты тұратын елі, оның ішінде азаматтығы немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құқық негізінде, заңды тұлғаның, заңды тұлғаның филиалының (өкілдігінің) атауы, тіркелген елі) өзгерген күннен бастап – жеке тұлға үшін тұрақты тұратын жері немесе тіркелген жері бойынша, заңды тұлға үшін орналасқан жері бойынша, осындай өзгерістер туралы;

3) шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шоттың деректемелері өзгерген күннен бастап – резидент заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша, тиісті құжаттардың көшірмелерін қоса отырып, осындай өзгерістер туралы;

4) резидент заңды тұлғаның атауы өзгерген күннен бастап – резидент заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша, осындай өзгеріс туралы.

28. Капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттың резидент-қатысушысы Ұлттық Банктің сұратуы бойынша капитал қозғалысы операциясын, оларға теңестірілген операцияны жүзеге асыруға қатысты және (немесе) бұрын ұсынылған құжаттарда сілтемелер бар құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынады.

29. Резидентте мына құжаттар болған жағдайда есептік нөмірі бар капитал қозғалысына байланысты валюталық шарт немесе шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот бойынша есептерді ұсыну талап етілмейді:

борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғау арқылы оны тарату туралы сот шешімі;

респонденттің салық есептілігін ұсынуды тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің шешімі.

Аталған шешімдердің көшірмелері Ұлттық Банкке ұсынылады.

Есептерді ұсыну соттың банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұйғарымы шығарылған, борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім қабылданған немесе борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі жойылған жағдайда, сондай-ақ салық есептілігін ұсынуды тоқтата тұру туралы шешімде көрсетілген мерзім өткеннен кейін, респондент көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін қызметін қайта бастаған кезде немесе мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі салық есептілігін ұсынуды тоқтата тұру туралы шешімді жойған жағдайда қайта басталады.

30. Уәкілетті банк капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, сондай-ақ резиденттердің шетелдік банктердегі, халықаралық қаржы ұйымдарындағы өз шоттарынан (өз шоттарына) ақша аударымдары туралы мәліметтерді "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұсынады.

4-параграф. Банктердің, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары жүргізген валюталық операциялар туралы хабарламасы және (немесе) олар туралы мәліметтер ұсынуы

31. Банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онынан) (қоса алғанда) кешіктірмей, тоқсан сайын Ұлттық Банктің орталық аппаратына банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы бейрезиденттерден тартқан, есепті кезеңнің басында және (немесе) соңында өтелмеген міндеттемелері бар қаржылық қарыздарды, сондай-ақ РЕПО операциялары бойынша міндеттемелерді игеру және қызмет көрсету туралы есепті Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Есеп шеңберінде банк, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы Ұлттық Банктің сұрау салуы бойынша қаражатты игеру және берешекті өтеу жөніндегі болжамдық деректер туралы ақпаратты ұсынады.

32. Банктер, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары Қағидаларға сәйкес талап етілетін ақпаратты (құжаттарды, мәліметтерді, есептерді) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің цифрлық жүйесі арқылы электрондық цифрлық

қолтаңба арқылы куәландыру рәсімдерін сақтай отырып, электрондық тәсілмен Ұлттық Банкке ұсынады.

5-параграф. Жекелеген жағдайлар

33. Егер капитал қозғалысына байланысты валюталық шартқа есептік нөмір беру туралы өтініш Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) болып табылатын валюталық шарттың қатысушысы тарапынан берілсе, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа есептік нөмір беру туралы өтініште капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттың қатысушысы ретінде резидент заңды тұлға көрсетіледі және валюталық операцияның осы резидент заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арқылы жүзеге асырылатыны туралы белгі қойылады. Мәліметтерді, есептерді және құжаттарды ұсыну резидент заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арқылы жүзеге асырылады. Резидент заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) өз орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

34. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан резидент заңды тұлғаның филиалының (өкілдігінің) капитал қозғалысына байланысты валюталық шартына немесе шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотына есептік нөмір беру үшін резидент заңды тұлға өтініш жасайды. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа есептік нөмір беру туралы өтініште валюталық операцияның жүзеге асырылатыны немесе шетелдік банкте, халықаралық қаржы ұйымында шоттың осы резидент заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) арқылы ашылғаны туралы белгімен резидент заңды тұлға көрсетіледі. Мәліметтерді, есептерді және құжаттарды ұсыну резидент заңды тұлға арқылы жүзеге асырылады.

35. Бірнеше резиденттер (бейрезиденттер) қатысатын капитал қозғалысына байланысты валюталық шартқа Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген шекті мәннен асқан жағдайда, осындай валюталық шарт шеңберінде резиденттер мен бейрезиденттер арасында Қазақстан Республикасына мүліктің (ақшаның) жалпы түсімінің (Қазақстан Республикасынан берудің) және (немесе) міндеттемелердің (талаптардың) туындауы бойынша есептік нөмір беріледі.

36. Тараптарының арасында резидент жоқ капитал қозғалысына байланысты валюталық шартқа есептік нөмір беру үшін мүліктің (ақшаның) алушысы (жөнелтушісі) болып табылатын не бейрезидент алдында міндеттемелері немесе бейрезидентке талаптары туындайтын резидент өтініш жасайды.

37. Бірнеше резидент-қатысушылары бар капитал қозғалысына байланысты валюталық шартқа есептік нөмір беру үшін осындай валюталық шарт сомасының басым бөлігі тиесілі резидент-тарап өтініш жасайды, ал мұндай тарап болмаған

жағдайда – бейрезидент алдындағы міндеттемелерді бірінші болып орындауды бастаған (бастаған) резидент-тарап өтініш жасайды. Өзге жағдайларда капитал қозғалысына байланысты валюталық шартқа есептік нөмір беру үшін валюталық шарт тараптарының бірі болып табылатын резиденттердің бірі өтініш жасайды.

Есептік нөмір беру үшін жүгінген резидент капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттың басқа резидент-тараптарының есептік нөмір беру үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалына жүгінуге берген жазбаша келісімдерін ұсынады. Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа есептік нөмір беру туралы өтініште капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттың барлық резидент-қатысушылары көрсетіледі.

Капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттың басқа резидент-қатысушылары бейрезиденттің пайдасына төлем және (немесе) ақша аудару кезінде және (немесе) бейрезиденттен ақша алған кезде уәкілетті банкке есептік нөмір берілгені туралы белгісі бар капитал қозғалысына байланысты валюталық шарттың көшірмесін ұсынады.

Қағидалардың осы тарауының 3-параграфында көзделген мәліметтерді, есептерді және құжаттарды ұсынуды есептік нөмір беруге өтініш білдірген резидент жүзеге асырады.

Валюталық шартқа қатысушы басқа резиденттің (жеке тұлғаның) тұрақты тұратын немесе тіркелген жері бойынша не осындай резиденттің жазбаша келісімі болған кезде есептік нөмір беруге өтініш жасаған резиденттің (заңды тұлғаның) орналасқан жері бойынша айқындалатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына оның жазбаша өтініші негізінде мәліметтерді, есептерді және құжаттарды ұсынуына жол беріледі.

Есептік нөмірді алған резиденттің жазбаша келісімі болған жағдайда, есептік нөмір алған резиденттің тұрақты тұратын немесе тіркелген жері (жеке тұлға үшін) не орналасқан жері (заңды тұлға үшін) бойынша айқындалатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына валюталық шарттың резидент-қатысушылары бейрезиденттің (бейрезиденттердің) алдындағы өз міндеттемелерін орындау бөлігінде мәліметтерді, есептерді және құжаттарды өз бетінше тапсыруына, осындай резиденттердің жазбаша өтініші негізінде жол беріледі.

Мәліметтер, есептер және құжаттар есептік нөмір алған резиденттің тұрақты тұратын немесе тіркелген жері (жеке тұлға үшін) не орналасқан жері (заңды тұлға үшін) бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ұсынылады.

38. Бірнеше резидент-қатысушылары бар капитал қозғалысына байланысты валюталық шарт резидент-қатысушылардың барлығынан міндеттемелердің толық орындалғаны туралы жазбаша хабарлама алынғаннан кейін, есептік нөмір алған резиденттің тұрақты тұратын немесе тіркелген жері (жеке тұлға үшін) не орналасқан жері (заңды тұлға үшін) бойынша айқындалатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалы арқылы есептік нөмірлер тізілімінен шығарылады.

39. Шетелдік банкте, халықаралық қаржы ұйымында "эскроу-шот" режимінде шот ашылған жағдайда есептік нөмір беру үшін шот өз атына ашылған резидент заңды тұлға өтініш жасайды. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа есептік нөмір беру туралы өтініште шетелдік банкте, халықаралық қаржы ұйымында шот ашқан тұлға да көрсетіледі.

40. Егер есептік нөмір аралас шартқа беріліп, валюталық шарт шеңберінде капитал қозғалысына байланысты әрбір валюталық операция бойынша әртүрлі нысандарда есептер ұсыну көзделсе, аралас шарт шеңберінде капитал қозғалысына байланысты әрбір валюталық операция бойынша жеке есеп ұсынылады.

41. Негізгі активті қолдану немесе іске асыру мақсатында сатып алынатын және негізгі активтен бөлек берілмейтін (сатылмайтын) туынды қаржы құралына байланысты валюталық операциялар негізгі активпен жасалатын валюталық операциялар ретінде қарастырылады.

3-тарау. Өтпелі ережелер

42. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік алынған валюталық шарт немесе шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот, Қағидалардың 43-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, есептік нөмірлер тізіліміне енгізілген болып саналады. Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің нөмірі капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттың, шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шоттың есептік нөмірі ретінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде және Ұлттық Банкке есептерді ұсыну барысында көрсетіледі. Осындай валюталық шарттар, шетелдік банктердегі, халықаралық қаржы ұйымдарындағы шоттар бойынша есептерді ұсыну, жаңа есептік нөмір беру, есептік нөмірлер тізілімінен шығару Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

43. Бейрезиденттен алынған қаржылық қарыз бойынша банкке берілген хабарлама туралы куәлік капитал қозғалысы бойынша валюталық шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады және Қағидалардың 15-тармағында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Қағидалардың 14-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде өз күшін жойды деп танылады.

44. Қағидалар қолданысқа енгізілген күнге тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлігі қолданыста болып қалған капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа немесе шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа есептік нөмір беру резиденттің Ұлттық Банктің аумақтық филиалына еркін нысанда жүгінуі арқылы жүзеге асырылады: жеке тұлға үшін – тұрақты тұратын немесе тіркелген жері бойынша, заңды тұлға үшін – орналасқан жері бойынша. Бұл ретте бұрын рәсімделген тіркеу

куәлігінің немесе хабарлама туралы куәліктің нөмірі мен күні Қағидалардың 13-тармағының екінші бөлігіне және 20-тармағының екінші бөлігіне сәйкес валюталық шарттың көшірмесіне көшіріледі.

45. Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептік нөмір беру талабы қолданылатын капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттар, шетелдік банктердегі, халықаралық қаржы ұйымдарындағы шоттар Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен кейін міндеттемелерді алғаш орындағанға, шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотты пайдалана отырып ақша аударғанға дейін Ұлттық Банктің аумақтық филиалында есепке алуға жатады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

_____ филиалының

директорына

(тегі, аты, әкесінің аты (ол
болған жағдайда)

Өтініш

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), заңды тұлғаның атауы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____ мекенжайы _____

_____ телефоны _____

_____ электрондық поштасы _____

_____ капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа, шетел банкіндегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа есептік нөмір беруді; _____ есептік нөмірлердің тізілімінен есептік нөмірді алып тастауды сұраймын. (қажеттісін белгілеу керек) _____ жылғы "___" _____ № _____ валюталық шарт Осы валюталық шарт, шетел банкіндегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептік нөмірі (тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің нөмірі) _____

Өтініш берушінің уәкілетті адамы: _____

_____ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

20__ жылғы "____" _____

1-бөлім. Қаржылай қарыздар

1. Операция түрі (белгіленсін): 1) _____ резиденттің бейрезидентке берген қаржылай қарызы; 2) _____ бейрезиденттің резидентке берген қаржылай қарызы.

2. Валюталық шарттың резидент басқа қатысушылары: жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның атауы, БСН _____

3. Валюталық шарттың бейрезидент қатысушылары: жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрақты тұратын елі (елдері) _____

_____ азаматтығы – елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады) _____

_____ заңды тұлға үшін: атауы, тіркелген елі, тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

4. Валюталық шарттың сомасы _____ (валюталық шарттың валютасында)

5. Шарт валютасы _____

6. Бейрезиденттің резидентке қатысы (белгіленсін): 1) _____ бейрезиденттің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын тікелей иелік етуі; 2) _____ бейрезиденттің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын жанама иелік етуі; 3) _____ резиденттің бейрезиденттің дауыс беруші акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын тікелей иелік етуі; 4) _____ резиденттің бейрезиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын жанама иелік етуі; 5) _____ резидент және бейрезидент бір-біріне ешқандай бақылау жасай алмайды және әсер ете алмайды, бірақ резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының кемінде 10 (он) пайызына тікелей немесе жанама иелік ететін бір инвестордың бақылауында немесе ықпалында болады; 6) _____ өтініштің осы тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілмеген жағдайлар.

7. Операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу бойынша нұсқау, қаражат қозғалысының схемасы және басқасы) _____

8. Агент (оператор, ұйымдастырушы) туралы мәліметтер (бар болса): резидент _____

бейрезидент ____ (белгіленсін) атауы

резиденттің

БСН _____ бейрезиденттің
тіркелген елі, тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

9. Қаражаттың түсу және берешекті өтеу графигі
шарт валютасының мың бірлігі

Қарыз алушыға кредиті бойынша қаражат түсуі		Қарыз алушының кредитке қызмет көрсетуі бойынша төлемдер		
күні	сомасы	күні	негізгі борышты өтеу	сыйақыны төлеу
А	1	Б	2	3
ЖИЫНЫ		ЖИЫНЫ		
оның ішінде өтініш беру күні		оның ішінде өтініш беру күні		

10. Ескертпе _____

2-бөлім. Капиталға қатысу, бағалы қағаздармен, қатысу үлестерімен және туынды қаржы құралдарымен операциялар

1. Операция түрі (белгіленсін):

- 1) _____ бейрезиденттің капиталына қатысу;
- 2) _____ резиденттің капиталына қатысу;
- 3) _____ бейрезидент эмитенттердің борыштық бағалы қағаздарымен операциялар;
- 4) _____ резидент эмитенттердің борыштық бағалы қағаздарымен операциялар;
- 5) _____ депозитарлық қолхаттармен операциялар;
- 6) _____ туынды қаржы құралдарымен операциялар;
- 7) _____ бейрезидент үшінші тұлғаның капиталына қатысуды сатып алу-сату операциялары;
- 8) _____ резидент үшінші тұлғаның капиталына қатысуды сатып алу-сату операциялары.

2. Валюталық шарттың резидент басқа қатысушылары:

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның атауы,
БСН _____

3. Валюталық шарттың бейрезидент қатысушылары:

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрақты тұратын елі (елдері)

азаматтығы – елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады)

занды тұлға үшін: атауы, тіркелген елі, тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

4. Валюталық шарттың сомасы _____
(валюталық шарттың валютасында)

5. Шарт валютасы _____

6. Бейрезиденттің резидентке қатысы (3), 4) операция түрлері үшін толтырылады):

1) _____ бейрезиденттің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын тікелей иелік етуі;

2) _____ бейрезиденттің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын жанама иелік етуі;

3) _____ резиденттің бейрезиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын тікелей иелік етуі;

4) _____ резиденттің бейрезиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10 (он) пайызын және одан астамын жанама иелік етуі;

5) _____ резидент және бейрезидент бір-біріне ешқандай бақылау жасай алмайды және әсер ете алмайды, бірақ резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының кемінде 10 (он) пайызын тікелей немесе жанама иелік ететін бір инвестордың бақылауында немесе ықпалында болады;

6) _____ өтініштің осы тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілмеген жағдайлар.

7. Өтініш берілген күні валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау:

Жөнелтуші	Бенефициар	Күні	Міндеттемелерді орындау түрі	Сомасы, мың бірлік	Валютасы

8. Инвестор туралы мәліметтер (егер өтініш беруші инвестор болып табылса, толтырылмайды):

резидент _____ бейрезидент _____ (белгіленсін)

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), резиденттің ЖСН, бейрезиденттің тұрақты тұратын елі (елдері)

бейрезиденттің азаматтығы – елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады)

заңды тұлға үшін: атауы, резиденттің БСН, бейрезиденттің тіркелген елі, бейрезиденттің тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

9. Сатушы туралы мәліметтер (егер өтініш беруші сатушы болып табылса, толтырылмайды):

резидент _____ бейрезидент _____ (белгіленсін)

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), резиденттің ЖСН, бейрезиденттің тұрақты тұратын елі (елдері)

бейрезиденттің азаматтығы – елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады)

заңды тұлға үшін: резиденттің атауы, БСН, бейрезиденттің тіркелген елі, бейрезиденттің тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

10. Инвестициялау объектісі туралы мәліметтер (егер өтініш беруші инвестициялау объектісі болып табылса, толтырылмайды):

резидент _____ бейрезидент _____ (белгіленсін)

резиденттің атауы, БСН, бейрезиденттің тіркелген елі, бейрезиденттің тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____

11. Инвестициялау объектісінің капиталы (капиталға қатысу операциялары бойынша толтырылады):

		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгенге дейін		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгеннен кейін	
		сомасы	валютасы	сомасы	валютасы
1.	Инвестициялау объектісінің жарғылық капиталы, құрылтай құжаттары				

	бойынша валютаның мың бірлігі				
1.1	оның ішінде инвесторлар бойынша				
2.	Инвестициялау объектісінің капиталы (жарғылықтан өзгеше), құн бойынша көрсетудегі пайлар, валютаның мың бірлігі				
2.1	оның ішінде инвесторлар бойынша				
3.	Инвестордың (инвесторлардың) инвестициялау объектісі капиталындағы үлесі, %-бен				
3.1.	оның ішінде инвесторлар бойынша				

12. Инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат (акциялармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

	Акцияның түрі (жай, артықшылық берілген, дауыс беру құқығы бар, дауыс беру құқығы жоқ)	Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ISIN)	Бір бағалы қағаздың номиналдық құны немесе орналастыру бағасы (валюта бірлігі)	Шығару (орналастыру) валютасы	
				валютасы	саны
			Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгенге дейін	Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгеннен кейін	
				жай	артықшылық берілген
1.	Инвесторға (инвесторларға) тиесілі акциялардың саны, данасы				
1.1	оның ішінде инвесторлар бойынша				

13. Борыштық бағалы қағаздар туралы мәліметтер:

ISIN _____

бағалы қағаздардың саны _____ дана
бір бағалы қағаздың номиналдық құны _____ валюта бірлігі
шығарылым валютасы _____

14. Инвестициялық қорлардың пайлары туралы мәліметтер:

қор түрі (акционерлік, пайлық, ашық, жабық, аралық, өзге (көрсетілсін))

басқарушы компания _____

(атауы, бейрезиденттің тіркелген елі, бейрезиденттің тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса))

15. Туынды қаржы құралдары туралы мәліметтер:

туынды қаржы құралының түрі (белгіленсін):

_____ опцион, _____ форвард, _____ фьючерс, _____ өзге

(ашып жазу)

туынды қаржы құралының базалық активінің атауы:

Бағалы қағаздың ISIN _____

16. Ескертпе _____

3-бөлім. Капитал қозғалысының басқа операциялары және оған теңестірілген операциялар

1. Операция түрі (белгіленсін):

1) _____ жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алу;

2) _____ зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықты толық сатып алу;

3) _____ бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау;

4) _____ ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға, трастқа беру;

5) _____ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына клиенттерге тиесілі ақшаны және (немесе) қаржы құралдарын есепке алу және сақтау үшін арналған шоттарға ақша мен қаржы құралдарын аудару;

6) _____ ақшаны, жылжымайтын мүлікті және өзге валюталық құндылықтарды өтеусіз беру.

2. Валюталық шарттың резидент басқа қатысушылары:

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның атауы,

БСН _____

3. Валюталық шарттың бейрезидент қатысушылары:

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрақты тұратын елі (елдері)

азаматтығы – елі (елдері) (егер тұрақты тұратын елімен сәйкес келмейтін болса, толтырылады)

занды тұлға үшін: атауы, тіркелген елі, тіркелген елінің сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

4. Валюталық шарттың сомасы _____
(валюталық шарттың валютасында)

5. Шарт валютасы _____

6. Өтініш берілген күні валюталық шарт бойынша ұсынылған ақша және өзге мүлік:

Жөнелтуші	Бенефициар	Күні	Міндеттемелерді орындау түрі	Сомасы, мың бірлік	Валютасы

7. Ескертпе _____

4-бөлім. Шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шот

1. Шот түрі (белгіленсін):

1) _____ резиденттің, Қазақстан Республикасында орналасу орнымен резидент филиалдың (өкілдіктің) ағымдағы шоты;

2) _____ Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасу орнымен резидент филиалдың (өкілдіктің) ағымдағы шоты;

3) _____ резидент салымы;

4) _____ резиденттің аллокирленбеген металл шоты;

5) _____ өзгелері (ашып жазылсын) _____

2. Шот ашқан резиденттің филиалы (өкілдігі) _____

атауы, елі, мекенжайы)

3. Шетелдік банк, халықаралық қаржы ұйымы _____

(атауы, мекенжайы, ақпаратты аудару және төлемдерді жасау халықаралық банкаралық жүйедегі нөмірі (SWIFT) және өзге банктік деректемелері)

4. Шот нөмірі _____

Шот валютасы _____

5. Шот талаптары (бар болса):

Шот бойынша сыйақы (мүдделік) мөлшерлемесі (жылдық %)

_____ (өзгермелі пайыздық мөлшерлеме жағдайында, оны есептеу негізі мен маржа мөлшері көрсетіледі)

_____ овердрафт рұқсат етіле ме (осы шот шеңберінде шетелдік банктің, халықаралық қаржы ұйымының кредиттеуі)

_____ басқалары (ашып жазылсын) _____

6. Ескерте _____

"Өтініш" нысанына
қосымша

"Өтініш" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. 1, 2, 3 және 4-бөлімдер капитал қозғалысы бойынша валюталық шартқа, шетелдік банктегі, халықаралық қаржы ұйымындағы шотқа есептік нөмір беру туралы өтініш берілген кезде толтырылады. Толтырылмаған бөлімдер ұсынылмайды.

Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде қарапайым серіктестік (консорциум) құрылған жағдайда, осы операцияның резидент-заңды тұлға тарапынан бухгалтерлік баланста танылуына сәйкес 2-бөлім немесе 3-бөлім толтырылады.

2. Бейрезидент жеке тұлғаның тұрақты тұратын елі оның азаматтығына немесе шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес берілген құқық негізінде көрсетіледі.

3. "Ескертпе" жолында өтініш беруші көрсету қажет деп санайтын шарт талаптары, оның ішінде валюталық шарт сомасы бекітілмеген жағдайда, оның қалыптасу тәсілі (тәртібі) көрсетіледі.

4. 1-бөлімнің 9-тармағында резидентке қаражаттың түсуі және оның валюталық шарт бойынша берешекті өтеуі туралы (резиденттерге бейрезиденттер берген қаржылық қарыздар бойынша), сондай-ақ бейрезидентке қаражаттың түсуі және оның берешекті өтеуі туралы (бейрезиденттерге резиденттер берген қаржылық қарыздар бойынша) ақпарат шарт валютасының мың бірлігінде көрсетіледі. Егер қарыз мультивалюталық болса, сома Америка Құрама Штаттарының мың долларында көрсетіледі.

А бағанында қаражаттың ақшалай нысанда да, сондай-ақ тауарлар, жұмыстар, қызметтер түрінде де нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) түсу күні, ал 1-бағанда – нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) түсім сомасы көрсетіледі. Егер шарт сомасы айқындалмаған болса, 1-бағанда тек қаражаттың нақты түсуі туралы ақпарат көрсетіледі.

Берешекке қызмет көрсету бойынша төлемдер (ақшалай және өзге нысандарда) туралы ақпарат Б, 2 және 3-бағандарда көрсетіледі. Б бағанында төлемді жүзеге

асырудың нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) күні көрсетіледі. 2 және 3-бағандарда тиісінше негізгі қарызды өтеу және сыйақыны төлеу көрсетіледі. Өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда, сыйақыны төлеудің болжамды сомасы, егер валюталық шартта өзгеше белгіленбесе, өтініш (хабарлама) берілген күнгі базалық мәніне сүйене отырып есептеледі.

Резидент немесе бейрезидент аванстық төлемдерді жүзеге асырған жағдайда, Б және 2-бағандарда тиісті төлемді жүзеге асыру күні мен сомасы көрсетіледі.

1 және 2-бағандардағы қорытынды сома бір-біріне тең болады және шарт сомасына немесе шарт сомасы айқындалмаған жағдайда, өтініш берілген күнгі қаражаттың нақты түсу сомасына тең болады.

Ұзарту опционы болған жағдайда, Б бағанында негізгі шартта белгіленген өтеу мерзімі көрсетіледі.

Есептік нөмірді беруге жүгінгенге дейін жүзеге асырылған валюталық операциялардың жалпы сомасы "оның ішінде өтініш берілген күнге" жолының тиісті бағандарында көрсетіледі.

"Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларының 14-тармағына сәйкес жаңа есептік нөмір берілген жағдайда, шарт бойынша міндеттемелердің нақты орындалуын "оның ішінде өтініш беру күні" жолы бойынша ғана көрсетуге жол беріледі.

5. 2-бөлімнің 1-тармағында көрсетілген операция түрлері бойынша 2-бөлімнің мынадай тармақтары толтырылады:

капиталға қатысу операциялары бойынша – 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 14-тармақтар;

борыштық бағалы қағаздармен операциялар бойынша – 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 13-тармақтар;

туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша – 2, 3, 4, 5, 7 және 15-тармақтар, ал егер базалық актив бағалы қағаз болса – қосымша 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтар.

6. 2-бөлімнің 7-тармағындағы және 3-бөлімнің 6-тармағындағы "Міндеттемені орындау түрі" бағанында валюталық шарт бойынша міндеттемені орындау түрі көрсетіледі:

- 1) төлемдер және (немесе) ақша аударымдары түрінде;
- 2) тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) түрінде;

3) активті беру түрінде (бағалы қағаздар, қатысу үлестері, инвестициялық қорлардың пайлары, жылжымайтын мүлік, зияткерлік меншік объектісіне құқық, ашып жазуды талап ететін өзге де актив түрлері);

4) өзге де (ашып жазуды талап етеді).

7. 4-бөлімнің 1-тармағында шоттың түрі көрсетіледі. Егер шот Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан резиденттің филиалына (өкілдігіне) шетелдік банкте, халықаралық қаржы ұйымында ашылған болса, осындай филиалдың (өкілдіктің) деректемелері көрсетіледі.

4-бөлімнің 3-тармағында шот ашылған шетелдік банктің немесе халықаралық қаржы ұйымының деректемелері көрсетіледі. 4-бөлімнің 4 және 5-тармақтарында шоттың деректемелері (нөмірі, валютасы) және оның талаптары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: есептік нөмірін алған резиденттің тұрақты тұрғылықты жері немесе тіркелген жері (жеке тұлға үшін) немесе орналасқан жері (заңды тұлға үшін) бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ПР-К/Ә-2

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: _____ жылғы _____ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: резидент

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейін

БСН/ЖСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептік нөмірі _____

Шарттың валютасы _____

валюталық шарт валютасының мың бірлігі

Жолдар коды	Көрсеткіштердің атауы	Барлығы	оның ішінде ақша түрінде
		1	2

10	Есепті кезеңде кредит бойынша сыйақы есептелетін мөлшерleme (жылдық %)		X
1-бөлім. Негізгі борыш бойынша мәліметтер			
1-бөлік. Қарыз алушының кредиторға талаптары – берілген аванстар (алдын ала ақы)			
11	Есепті кезеңнің басында берілген аванстар (алдын ала ақы)		X
12	Есепті кезеңде қарыз алушы кредиторға берген аванстар (алдын ала ақы)		
13	Есепті кезеңде қарыз алушыға кредитор өтеген аванстар (кредитор қарыз алушыға кредит бойынша қаражат ұсынды)		
14	Аванс бойынша басқа да өзгерістер (+)/(-)		
15	Есепті кезеңнің соңында берілген аванстар (алдын ала ақы) $(=(11)+(12)-(13)+(14))$		X
2-бөлік. Қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелері			
16	Есепті кезеңнің басындағы негізгі борыш бойынша берешек		X
17	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
Есепті кезеңдегі өзгерістер:			
18	Резидентті басқа резидентке (бейрезидентті басқа бейрезидентке) өзгерту арқылы борыштың ұлғаюы		X
19	Резидентті бейрезидентке (бейрезидентті резидентке) ауыстыру арқылы борыштың ұлғаюы		X
20	Кредитор қарыз алушыға кредит бойынша қаражат ұсынды		
21	С ы й а қ ы капиталдандырылды $(=51)$		X
22	Қарыз алушы кредиторға қарызды өтеді		

22a	оның ішінде мерзімінен бұрын		
23	Борышты қарыз алушының өзге де шарттар бойынша кредиторға қойылатын талаптарымен өзара есепке алуы		X
24	Кредитордың қарыз алушының борышын кешіруі		X
25	Борыш капиталға қатысу құралдарына (қарыз алушы және (немесе) үшінші тұлғалардың), қарыз алушының жылжымайтын мүлкіне және өзге активіне ауыстырылды		X
26	Борыш қарыз алушының борыштық бағалы қағаздарына, қарыз алушының тауарды жеткізуіне және өзге де борыштық міндеттемелеріне ауыстырылды		X
27	Резидентті басқа резидентке (бейрезидентті басқа бейрезидентке) өзгерту арқылы борыштың азаюы		X
28	Резидентті бейрезидентке (бейрезидентті резидентке) ауыстыру арқылы борыштың азаюы		X
29	Басқа негіздемелер бойынша жаңа есептік нөмір берілгендіктен борышты тасымалдау (+)/(-)		X
30	Борыш есептен шығарылды		X
31	Борыш бойынша басқа өзгерістер (+)/(-) (ашып жазу)		
32	Кредиттің игерілмеген бөлігі жойылды		X
	Есепті кезеңнің соңындағы негізгі борыш бойынша берешек (=16)		

33	+ (18) + (19) + (20) + (21) - (22) - (24) - (25) - (26) - (27) - (28) + (29) - (30) + (31))		X
34	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
2-бөлім. Сыйақы бойынша мәліметтер			
1-бөлік. Қарыз алушының кредиторға талаптары – берілген аванстар (алдын ала ақы)			
41	Есепті кезеңнің басындағы қарыз алушының кредиторға талаптары		X
42	Есепті кезеңде қарыз алушы кредиторға берген аванстар (алдын ала ақы)		
43	Есепті кезеңде өтелген аванстар (сыйақы есептелді)		X
44	Аванс бойынша басқа өзгерістер (+)/(-)		
45	Есепті кезеңнің соңындағы қарыз алушының кредиторға талаптары (=(41)+(42)-(43)+(44))		X
2-бөлік. Қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелері			
46	Есепті кезеңнің басындағы сыйақы бойынша берешек		X
47	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
Есепті кезеңдегі өзгерістер:			
48	Сыйақының резидентті басқа резидентке (бейрезидентті басқа бейрезидентке) өзгерту арқылы ұлғаюы		X
49	Сыйақының резидентті бейрезидентке (бейрезидентті резидентке) ауыстыру арқылы ұлғаюы		X
50	Есепті кезеңде сыйақы есептелді		X
51	Есепті кезеңде сыйақы капиталдандырылды		X
	Төленген сыйақы, КТС-ны қоса алғанда, басқа шарттар бойынша		

52	қарыз алушының кредиторға қойған талаптарымен сыйақыны өзара есепке алуы		
53	оның ішінде мерзімінен бұрын		
54	Кредитордың қарыз алушыға сыйақысын кешіруі, оның ішінде сыйақы мөлшерлемесін төмендету арқылы		X
55	Сыйақы капиталға қатысу құралдарына (қарыз алушы және (немесе) үшінші тұлғалардың), қарыз алушының жылжымайтын мүлкіне және өзге активіне ауыстырылды		X
56	Сыйақы қарыз алушының борыштық бағалы қағаздарына, қарыз алушының тауарды жеткізуіне және өзге де борыштық міндеттемелеріне ауыстырылды		X
57	Сыйақының резидентті басқа резидентке (бейрезидентті басқа бейрезидентке) өзгерту арқылы азаюы		X
58	Сыйақының резидентті бейрезидентке (бейрезидентті резидентке) өзгерту арқылы азаюы		X
59	Басқа негіздемелер бойынша жаңа есептік нөмір берілгендіктен сыйақыны тасымалдау (+)/(-)		X
60	Сыйақы есептен шығарылды		X
61	Сыйақы бойынша басқа өзгерістер (+)/(-) (ашып жазу)		
62	Есепті кезеңнің соңындағы сыйақы бойынша берешек (= (46) + (48) + (49) + (50) - (51) -		X

	(52) - (54) - (55) - (56) - (57) - (58) + (59) - (60) + (61)), оның ішінде:		
63	мерзімі өткен берешек		X
64	салықтар бойынша берешек		X
3-бөлім. Қарыз алушы төлейтін ілеспе төлемдер бойынша мәліметтер			
69	Есепті кезеңнің басындағы төленбеген комиссиялық төлемдер, айыппұлдар және қарыз алушы төлейтін басқа да төлемдер		X
70	Қарыз алушы есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі көзделген басқа да төлемдер төледі		
71	Қарыз алушыға есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі көзделген басқа да төлемдер кешірілді		X
72	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі көзделген басқа да төлемдер есептен шығарылды		X
73	Қарыз алушы есепті кезеңде айыппұлдарды және қарыз алушыға соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер салған басқа да төлемдерді төледі		
74	Қарыз алушының басқа да төлемдері (ашып жазу)		
75	Қарыз алушының басқа да операциялары, басқа өзгерістер (ашып жазу)		
76	Есепті кезеңнің соңындағы төленбеген комиссиялар, айыппұлдар және қарыз		X

	алушы төлейтін басқа төлемдер		
4-бөлім. Қарыз алушыға төленетін ілеспе төлемдер бойынша мәліметтер			
79	Есепті кезеңнің басындағы төленбеген комиссиялар, айыппұлдар және қарыз алушының алуына арналған басқа төлемдер		X
80	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының алуы көзделген басқа төлемдер қарыз алушыға төленді		
81	Есепті кезеңде қарыз алушы комиссияларды, айыппұлдарды және шарттың талаптарында қарыз алушының алуы көзделген басқа төлемдерді кешірді		X
82	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының алуы көзделген басқа төлемдер есептен шығарылды		X
83	Есепті кезеңде айыппұлдар және кредиторға соттар мен басқа мемлекеттік мекемелер салған басқа төлемдер қарыз алушыға төленді		
84	Қарыз алушыға басқа да төлемдер (ашып жазу)		
85	Қарыз алушының пайдасына басқа да операциялар, басқа да өзгерістер (ашып жазу)		
86	Есепті кезеңнің соңындағы төленбеген комиссиялар, айыппұлдар және қарыз алушының алуына арналған басқа төлемдер		X

Ескертпе _____

Резидент _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), заңды тұлғаның атауы)

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы телефоны

Басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы телефоны

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы "___" _____

Ескертпе: нысан "Қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қаржылай қарызды игеру және
қызмет көрсету туралы есеп"
әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

Қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп (индексі – ПР-К/Ә-2, кезеңділігі – тоқсан сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанды Қазақстан Республикасының резиденттері есептік нөмір берілген қаржылай қарыздың валюталық шарттары бойынша тоқсан сайын ұсынады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам (заңды тұлғалар үшін) және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

4. 1-бағанда төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, тауарлар жеткізу (жұмысты орындау, қызмет көрсету), активтерді беру, міндеттемелерді өзгеше орындау түрінде қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету, 2-бағанда – төлемдер және (немесе) ақша аударымдары түрінде ғана көрсетіледі.

5. Коды 10-жолда есепті кезеңде орташа алынған таза (салықтарды есептемегендегі) кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі (жылдық %) көрсетіледі. Сыйақы мөлшерлемесі жүз бір үлеске дейін дөңгелектей отырып, сан түрінде көрсетіледі. Егер кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі болса, онда мөлшерлеменің есепті кезеңдегі базалық мәнін пайдалану керек. Егер сыйақы мөлшерлемесі нөлдік болса, нөлдік мәндері қойылады.

Егер Нысан нөлдік мәнмен ұсынылса, онда коды 10-жол толтырылмайды.

6. 1, 2, 3 және 4-бөлімдерде сома валюталық шарт валютасының мың бірлігімен көрсетіледі. Егер қарыз мультивалюталық болса, сома мың Америка Құрама Штаттарының долларымен көрсетіледі. Пайда болған бағамдық айырма басқа да өзгерістерде көрсетіледі (кодтары 14, 31, 44, 61, 75 және 85-жолдар).

1-бөлімде негізгі борышты игеру мен өтеу бойынша ақпарат, 2-бөлімде – сыйақы (егер сыйақы валюталық шартта көзделсе) есептеу мен төлеу бойынша ақпарат, 3, 4-бөлімдерде – 1, 2-бөлімдерде көрсетілмеген өзге операциялар бойынша (бар болса): 3-бөлімде – қарыз алушының өзінің операциялары бойынша, 4-бөлімде – қарыз алушының пайдасына операциялар бойынша ақпарат көрсетіледі.

Сыйақыға салық бойынша ақпарат 2-бөлімде, басқа салықтар (бар болса) бойынша 3, 4-бөлімдерде көрсетіледі.

1, 2-бөлімдер қарыз алушының кредиторға талаптарын (бар болса) (1-бөлік) және қарыз алушының кредитордың алдындағы міндеттемесін (2-бөлік) қамтиды.

Қарыз алушының кредиторға негізгі борыш (сыйақы) бойынша берілген аванстары (алдын ала ақылар) бар болса (1-бөлік), қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелер туралы ақпарат (2-бөлік) аванстар толық өтелгеннен кейін толтырылады.

7. Есепті кезеңнің басындағы берешек (кодтары 11, 16, 17, 41, 46, 47, 69 және 79-жолдар) өткен есепті кезеңнің соңындағы берешекке (тиісінше кодтары 15, 33, 34, 45, 62, 63, 76 және 86-жолдар) тең. Салық бойынша берешекті қоса алғанда, берешек көрсетіледі.

8. Борышты өтеу (коды 22-жол) ақша, тауарлар, жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) түрінде өтеуді қамтиды.

Қаражатты (борыш, сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар және басқа төлемдер – кодтары 24, 54, 71 және 81-жолдар) кешіру ретінде қарыз алушы өтемеген борыштық міндеттеменің кредитор мен қарыз алушының уағдаластығы негізінде ішінара немесе толық ерікті түрде азаюы танылады.

Қаражатты (борыш, сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар және басқа төлемдер – кодтары 30, 60, 72 және 82-жолдар) есептен шығару мыналарды:

1) резиденттің бейрезидент жойылған (қайтыс болған) жағдайда қаражатты (баланстан тыс) біржақты тәртіппен есептен шығаруды;

2) резидент заңды тұлғаның банкроттығы кезінде қаражатты өтелген деп тануды (таратылған резиденттің мүлігінің жетіспеушілігінен қанағаттандырылмаған, тарату балансы бекітілгенге дейін мәлімделмеген кредитор бойынша, тарату комиссиясы танымаған кредитордың талаптары) білдіреді.

Қарыз алушының (кредитордың) резиденттігі өзгерген кезде қарыз алушы мен кредитор арасындағы міндеттемелер есепте есептен шығарылғандар ретінде (кодтары 30, 60, 72 және 82-жолдар) көрсетіледі.

Кредиттің игерілмеген бөлігін жою (коды 32-жол) дегеніміз қарыз алушының алмаған (игерілмеген) валюталық шартта көзделген кредиттік қаражатының бір бөлігінің азаюын білдіреді.

9. Кодтары 18, 19, 27, 28, 48, 49, 57 және 58-жолдар шартқа қатысушылар өзгерген кезде, оның ішінде бұрын Қағидалардың 14-тармағының 2) тармақшасына сәйкес берілгеннің орнына жаңа есептік нөмір берілген кезінде:

кодтары 18, 27, 48 және 57-жолдар – талап ету құқығын басқаға беру (борышты аудару) немесе өзге де келісімдер нәтижесінде бастапқы кредитор және жаңа кредитор (бастапқы борышкер және жаңа борышкер) бірмезгілде резиденттер болып табылса немесе бірмезгілде бейрезиденттер болып табылса;

кодтары 19, 28, 49 және 58-жолдар – талап ету құқығын басқаға беру (борышты аудару) немесе өзге де келісімдер нәтижесінде бастапқы кредитор және жаңа кредитор (бастапқы борышкер және жаңа борышкер) резидент (бейрезидент) және бейрезидент (резидент) болып табылса толтырылады.

Кодтары 29, 59-жолдар бұрын Қағидалардың 14-тармағының 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша берілген есептік нөмірдің орнына жаңа есептік нөмір берілгенде толтырылады.

10. Коды 50-жол бойынша осы сыйақыдан салықты қоса алғанда, есепті кезеңде есептелген сыйақы көрсетіледі. Есепті кезеңде нақты төленген салық есепті кезеңде нақты төленген сыйақымен бірге коды 52-жол бойынша көрсетіледі. Бұл ретте есепті кезеңде төленген салық есепті кезеңнен бұрын есептелген сыйақыға жатқызылуы мүмкін.

2-бағанда ақша түріндегі сыйақы мен салықтың нақты төлемі көрсетіледі.

Есепті кезеңде тек сыйақыны төлемей салықты төлеу кезінде салықты төлеу 1-бағанда және 2-бағанда көрсетілуі тиіс.

11. Ақшаны қайтару (төлемді орындамай қайтару) басқа да өзгерістерде (кодтары 31, 61, 74 және 84-жолдарда) көрсетіледі.

12. Кодтары 25, 26, 31, 55, 56, 61, 74, 75, 84 және 85-жолдар Нысанға ескертпеде, оның ішінде активтің және (немесе) қарыз алушының борыштық міндеттемелерінің сипаттамасына ашып жазуды қажет етеді.

13. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен беріледі.

14. Нысанға түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Қағидалардың 23-тармағында белгіленген ұсыну мерзімінен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
мониторингтеу қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: есептік нөмірін алған резиденттің тұрақты тұрғылықты жері немесе тіркелген жері (жеке тұлға үшін) немесе орналасқан жері (заңды тұлға үшін) бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: инвестициялау объектісінің капиталына қатысу туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: ПР-И/Г-3

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: _____ жылғы _____ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: резидент

